Бағдарлама мазмұнында 2 кредит (90 сағат) беріліп, студенттердің шетел тілінен граматикалық және лексикалық нормаларын кәсіби іс-әрекеттерінде қолдану мақсатына орай құрастырылған.

«Кәсіби-бағытталған шетел тілі» курсына студент мыналарды игеруі қажет:

1. Мәтін оқуы бойынша:

- шетел тіліндегі мәтінді оқи алуы, оқудың түрлерін игеруі (оқылатын, таныстырушылық, көруге арналған және ізденушілік);
- әртүрлі көлемдегі мәтіндердің қысқаша мазмұнын жазып, талдау, кәсіби сөздіктерді игеруі, өзінің кәсіби ортасында шетел тілінде сөйлей білуі;
- тапсырылған тақырып бойынша ақпарат жинауды алуы тиіс.

2. Ауызша сөйлеуі бойынша:

- сөйлеу формаларының типтерін игеруі (сипаттауы, әңгімелеу, ойын айту);
- мәтіндік материал негізінде монолог құрастыру;
- сұрақ-жауап түрінде диалог жүргізу, айтылған пікірді толықтыру, сұраққа жауап алу, мәліметтерді түсіндіру;
- жалпы және кәсіби тақырыптағы ресми қарым-қатынастарда әңгімеге қатынасу;
- Көпшіліктің алдына шығып сөйлеуден үзіндіні бағалау (өзінің пікірі мен бағалауы туралы баяндама).

Тақырыптар: елтану, ғылыми-танымдық, жалпығылымилық, кәсібилік.

3. Ауызша қабылдау бойынша (тыңдау):

- мамандық бойынша дауыстап айтылған материалды түсіну, тыңдағанды түсіну, оқып үйренетін тапсырманы орындау;
- жаңа ақпаратты бөліп алу және тыңдалған мәтіндегі ақпараттық материалмен ұштастыру.

4. Академиялық хат бойынша:

- мәтін құрылымына көзбен қарап мағаналы талдау жасауды білу;
- жоспар құра білу, яғни мәтінді мағыналы құрылымға бөлу;
- мәтіннің тақырыптық және проблемалық жағын анықтай білу;
- ақпараттық материалдарды біріктіре білу (кәсіптік тақырыпта реферат құрастыру, эссе, аннотация, мазмұндама жазу).

Тақырыптар: елтанушылық, ғылыми-танымдық, жалпы ғылымилық, кәсіптік.

1 Бөлім. «География» терминінің мазмұны (шығу тегі және анықтамасы). География пәні. Географиялық карта. Параллелдер, меридиандар, масштаб және тағы басқа терминдер мен ұғымдар. Нысанның географиялық жағдайы (горизонтқа қарағанда, географиялық ендік пен бойлық).

Географиялық номенклатура: материктер, мұхиттар, теңіздер, шығанақтар, бұғаздар, аралдар, түбектер, таулар, жазықтар, өзендер, көлдер.

2 Бөлім. Елтану. Елдердің аты және олардың астанасы. Ағылшын, неміс және французша сөйлейтін елдердің географиясы: географиялық орны, жер бедері және климаты. Ағылшын, неміс және французша сөйлейтін елдердің физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық нысандары.

3 Бөлім. Қазақстанның географиялық орны, жер бедері және климаты. Қазақстанның физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық нысандары. Қазақстанның өнеркәсіптерінің салалары (металлургия, машинажасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібі және тағы басқалар) және ауыл шаруашылығы (өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы).

4 Бөлім. Тұрғын халық. Нәсілдер, тіл семьялары және топтары. Қазақстанның халқы.

СОДЕРЖАНИЕ ДИСЦИПЛИНЫ

Введение

Целью дисциплины «Профессионально-ориентированный иностранный язык» для специальности 5В011600 – География в группе специальностей «Образование» является формирование представления о целостности географической науки и развитие творческого мышления специалиста; углубление и совершенствование профессиональной и коммуникативной компетенции будущего учителя географии; практическое владение и использование иностранного языка в профессиональной деятельности, реализация таких ее аспектов как своевременное ознакомление с новыми зарубежными образовательными технологиями, новейшими тенденциями в развитии географической и педагогической науки.

Задачи дисциплины:

- углубление знаний лексико-грамматического строя иностранного языка;
- совершенствование основных видов и форм речевой деятельности, основанной на коммуникативно-профессиональной направленности для усвоения базового естественно-научного языка, географической терминологии на иностранном языке;
- обучение реферированию и аннотированию литературы на иностранном языке и использованию ее в профессиональной деятельности;
- формирование компетенций и ознакомление социально-поведенческими характеристиками представителей другой культуры;
- формирование социокультурной толерантности будущего специалиста.

«Профессионально-ориентированный иностранный язык», как закономерное продолжение базовых дисциплин представляет собой самостоятельный курс, имеющий свою собственную логическую структуру и оригинальное содержание и рассматривается как необходимая часть профессиональной образовательной программы подготовки кадров по специальности 5В011600 – География в группе специальностей «Образование». Данная дисциплина обобщает и систематизирует полученные студентом базовые знания по иностранному языку как общеобразовательному предмету и ряду других специальных дисциплин, таких как «Страноведение», «Физическая география материков и океанов», «Экономическая и социальная география мира»; стимулирует мотивацию студентов к совершенствованию и углублению своих профессиональных знаний через приобщение к источникам информации на иностранном языке, к расширению общего и профессионального кругозора и способствует гуманизации естественно-научного образования.

Объектом данной дисциплины является специфика профессионально-ориентированного иностранного языка в формате подготовки педагогических кадров по специальности 5В011600 – География в группе специальностей «Образование».

Основная часть

Программа рассчитана на 2 кредита (90 часов) для овладения студентами грамматическими и лексическими нормами иностранного языка с целью его использования в профессиональной деятельности.

По окончании курса «Профессионально-ориентированный иностранный язык» студенты должны уметь:

1. В области чтения:

- читать тексты на языке оригинала, владеть всеми видами чтения (изучающего, ознакомительного, просмотрового и поискового);
- анализировать и аннотировать тексты различных объемов, владеть профессиональной терминологией, адаптироваться в своей профессиональной среде на иностранном языке;
- извлекать информацию по заданной теме.

2. В области устной речи:

- владеть типовыми формами речи (описание, повествование, рассуждение);
- воспроизводить монологи с опорой на текстовые материалы;
- вести диалог в форме вопроса-ответа, дополнения к высказанной мысли, расспроса, получение сведений;
- принимать участие в беседе в ситуациях официального общения на общие и профессиональные темы;
- продуцировать фрагмент публичного выступления (доклада с собственными выводами и оценками).

Тематика: страноведческая, научно-популярная, общенаучная, профессиональная.

3. В области устного восприятия (аудирования):

- понимать на слух тексты на иностранном языке по специальности, базирующегося на изучении и выполнении заданий, определяющих степень понимания услышанного;
- уметь излагать письменно критически обработанные мысли, делать смысловой и структурный анализ письменного текста;
- уметь комбинировать информативный материал прослушанных текстов.

4. В области академического письма:

- уметь критически мыслить, делать смысловой анализ и структурный текста;
- уметь составлять план, т.е. делать смысловое членение текста;
- владеть навыками тематического и проблемного описания текста;
- уметь комбинировать информативный материал (составление реферата, написание эссе, аннотаций, сочинений на профессиональные темы).

Тематика: страноведческая, научно-популярная, общенаучная, профессиональная.

Раздел 1. Понятие «география». Предмет географии как науки. Географические карты. Параллели, меридианы, масштаб и другие соответствующие им термины и понятия. Географическое положение объекта (по сторонам горизонта, по географической широте и долготе).

Географическая номенклатура: материки, океаны, моря, заливы, проливы, острова, полуострова, горы, равнины, реки, озера.

Раздел 2. Страноведение. Название стран и их столиц. География англо-, германо- и франко-говорящих стран: их географическое положение, рельеф, климат. Основные физико-географические и экономико-географические объекты англо-, германо- и франко-говорящих стран.

Раздел 3. Географическое положение, рельеф и климат Казахстана. Физико-географические и экономико-географические объекты Казахстана.

Отрасли промышленности (металлургия, машиностроение, легкая и пищевая промышленность и др.) и сельского хозяйства Казахстана (растениеводство и животноводство).

Раздел 4. Население. Расы, языковые семьи и группы. Население Казахстана.

THE DISCIPLINE CONTENT

Introduction

The purpose of discipline "Professionally-oriented foreign language" for specialty 5B011600 – the Geography in group of the specialties «Education» is formation of idea of a wholeness of geographical science and development of creative thinking of the expert; deepening and perfecting of professional and communicative competence of future teacher of geography; practical possession and use of a foreign language in professional activity, realization of its such aspects as well-timed acquaintance with new foreign educational technologies, the latest tendencies in development of geographical and pedagogical science.

The objectives of discipline:

- increasing knowledge of a lexical and grammatical system of a foreign language;
- perfecting of main types and forms of the speech activity based on a communicative and professional orientation for assimilation of basic natural scientific language, a geographical nomenclature in a foreign language;
- training in abstracting and annotation of literature in a foreign language and to its use in professional activity;
- formation of competences and acquaintance by social and behavioural characteristics of representatives of other culture;
- formation of sociocultural tolerance of future expert.

"Professionally-oriented foreign language" as natural continuation of basic disciplines represents the self-contained course having own logical structure and the original contents and is considered as necessary part of a professional educational program of training in the specialty 5B011600 – Geography in group of the specialties «Education». This discipline generalizes and systematizes the basic knowledge gained by the student on a foreign language as to a general education subject and some other express disciplines, such as "Regional geography", "Physical geography of continents and oceans", "Economic geography of the world"; stimulates motivation of students to perfecting and deepening of the professional knowledge through familiarizing with information sources in a foreign language, to expansion of the common and professional outlook and promotes a humanization of natural scientific education.

Object of this discipline are specifics of Professionally-oriented foreign language in a format of preparation of pedagogical shots in the specialty 5B011600 – Geografiyav to group of the specialties «Education».

Main part

The program is calculated on 2 credits (90 clocks) for mastering students grammatical and lexical standards of a foreign language for the purpose of its use in professional activity.

Upon termination of the course "Professionally-oriented foreign language" students have to be able:

1. In the field of reading:

- to read texts in original language, to own all types of the reading (studying, fact-finding, viewing and search);
- to analyze and annotate texts of various volumes, to own a professional nomenclature, to adapt in the professional environment in a foreign language;
- to take information on the given subject.

2. In the field of oral speech:

- to own standard forms of the speech (the description, a narration, a reasoning);
- to reproduce monologues with a support on text materials;
- to conduct dialogue in the form of a question-answer, additions to the introduced idea, inquiry, obtaining data;
- to share in conversation in situations of official communication on the common and professional subjects;
- to produce a fragment of a public statement (the report with characteristic conclusions and estimates).

Subject: regional geographic, popular scientific, general scientific, professional.

3. In the field of oral perception (audition):

- to understand aurally texts in a foreign language in the specialty, based on studying and realization of the tasks defining degree of the comprehension heard;
- to be able to state in writing critically processed thoughts, to do a semantic and structure analysis of the written text;
- to be able to combine informative material of the listened texts.

4. In the field of the academic letter:

- to be able to think, do critically the semantic analysis and structural the text;
- to be able to make the plan, i.e. to do semantic partitioning of the text;
- to own skills of the thematic and problem description of the text;
- to be able to combine informative material (drawing up the paper, writing of the essay, summaries, compositions on professional subjects).

Subject: regional geographic, popular scientific, general scientific, professional.

Section 1. Concept "geography". Geography subject as sciences. Maps. Parallels, meridians, scale and other terms and concepts corresponding to them. A geographical position of object (on the parties of the horizon, on geographic latitude and longitude).

Geographical nomenclature: continents, oceans, seas, gulfs, passages, islands, peninsulas, mountains, plains, rivers, lakes.

Section 2. Regional geography. Name of the countries and their capitals. Geography of the English-, German- and French-speaking countries: their geographical location, relief, climate. Geography Main physiographic and economical and geographical objects of the English-, German- and French-speaking countries.

Section 3. Geographical position, relief and climate of Kazakhstan. Physiographic and economical and geographical objects of Kazakhstan.

Industries (metallurgy, mechanical engineering, light and food industry, etc.) and agriculture of Kazakhstan (plant growing and animal husbandry).

Section 4. Population. Races, language families and groups. Population of Kazakhstan.

Практикалық сабақтардың сұрақтары

1. Кәсіби-бағдарланған мәтіндегі әртүрлі мағынадағы қатынастарды көрсетудің әдістері.
2. Оқудың әртүрлі әдістері (үйренушілік, танымдылық, көрсетушілік және ізденушілік).
3. Мамандық бойынша жазылған мәтіннің мазмұны жағынан бөлінуін айқындап, мазмұндық және құрылымдық талдау жасау.
4. Реттелген мәтіндегі жаңа ақпаратты айқындау.
5. Ақпарат жинау үшін ақпараттық материалмен танысу (тақырып бойынша шолу).
6. Тыңдалатын мәтіндегі ақпараттық материалдарды қосудың жолдары.
7. Кәсіби бағыттағы мәтіннің қысқаша мазмұнын құрастыру.
8. Мәтіндегі ақпараттық материалды біріктіру (рефератты құрастыру үшін).
9. Мәтінге талдау және сипаттама беру (жазбаша монологиялық пікір жазу).
10. Өз мамандығың бойынша диалог құрастырып талдау.
11. Кәсіби лексиканы қолдану арқылы дискуссия жүргізу әдісі.
12. Кәсіби глоссарийді құрастырудың алгоритмі.

Вопросы практических занятий

1. Способы выражения различных смысловых отношений в профессионально направленном тексте.
2. Различные виды чтения (изучающее, ознакомительное, просмотровое и поисковое).
3. Произведите смысловое членение, смысловый и структурный анализ текста по специальности.
4. Извлечение новой информации при наложении текстов.
5. Подбор информации для обобщения информативного материала (обобщение по теме).
6. Пути комбинирования информативного материала аудируемого текста.
7. Тезирование и аннотирование текста профессиональной направленности.
8. Комбинирование информативного материала текстов (для составления реферата).

9. Анализ и комментирование текстов (письменное монологическое высказывание).
10. Составление ситуаций, диалога с элементами рассуждения в сфере своей специальности.
13. Способы ведения дискуссии с использованием профессиональной лексики.
14. Алгоритм составления профессионального глоссария.

Questions of a practical training

1. Ways of expression of various semantic relations in professionally directional text.
2. Different types of reading (studying, fact-finding, viewing and search).
3. Make semantic partitioning, a semantic and structure analysis of the text in the specialty.
4. Extraction of new information when imposing texts.
5. Selection of information for generalization of informative material (generalization on a subject).
6. Paths of a combination of informative material of the audited text.
7. Theses and annotation of the text of a professional orientation.
8. A combination of informative material of texts (for drawing up the paper).
9. Analysis and commenting of texts (written monological statement).
10. Drawing up situations, dialogue with reasoning elements in the sphere of the specialty.
13. Ways of conducting discussion with use of professional lexicon.
14. Algorithm of drawing up the professional glossary.

СООЖ тақырыптары

1. Қазақстанға географиялық шолу. Қазақстанның географиялық орны.
2. Қазақстанның табиғаты, ландшафты және климаты.
3. Қазақстанның жер асты сулары.
4. Қазақстанның минералдық ресурстары және экономикасы.
5. Елдің мемлекеттік құрылысы.
6. Халқы және тілдері.
7. Көршілес елдер.

Тематика СРСП

1. Географический обзор Казахстана. Географическая позиция Казахстана.
2. Природа, ландшафт и климат Казахстана.
3. Подземные воды Казахстана.
4. Минеральные ресурсы и экономика Казахстана.
5. Устройство страны.
6. Население и языки.
7. Соседние государства.

Subject SWST

1. Geographical survey of Kazakhstan. Geographical position of Kazakhstan.
2. Nature, landscape and climate of Kazakhstan.
3. Inland waters of Kazakhstan.
4. Mineral resources and economy of Kazakhstan.
5. Composition of the country.
6. Population and languages.
7. The neighboring countries.

СӨЖ тақырыптары

1. Менің болашақ кәсібім – мен жақсы география мұғалімі болу үшін нені білуім керек.
2. Менің елімнің қоршаған ортасысының мәселелері.
3. Қазақстанның ірі қалалары.
4. Сіздің шыққан жеріңіз / Өз өлкеңнің (облысыңның) географиясы.
5. Білім және ғылым министрлігі: тарихы және құрылымы.
6. Астана – Қазақстанның жаңа елордасы.
7. Кез келген таңдаған тақырыбыңа эссе жазу.

Тематика СРС

1. Моя будущая работа – что я должен знать, чтобы стать хорошим учителем географии.
2. Проблемы окружающей среды в моей стране.
3. Крупнейшие города Казахстана.
4. Место вашего происхождения / География своего края (области).
5. Министерство образования и науки: история и структура.
6. Астана - новая столица Казахстана.
7. Написание эссе на любую выбранную тему.

Subject SWS

1. My future job – what I should learn to be a good geography teacher.
2. The environmental problems in my country.
3. The biggest cities of Kazakhstan.
4. Regional geography – place where you have roots.
5. Ministry of Education and Science: history and structure.
6. Astana – new capital of Kazakhstan.
7. Writing of the essay on any chosen subject

Негізгі әдебиеттердің тізімі / Список основной литературы / List of the main literature:

1. Голицынский Ю.Б. United States of America. СПб., 2003
2. Голицынский Ю.Б. Great Britain. СПб., 2003
3. Письменная О.А. Windows on the English-speaking world. М., 2004
4. Цибуля Н.Б. Страноведение. М., 2002

5. Ann Dennis, Spotlight on Australia, Oxford University Press, 2004
6. Authentic literature on specialty for individual study.
7. Berman J. Introduction to reading. Minsk, 1963.
8. Canavan P.J., King M.L. Developing reading skills. Boston, 1989.
9. Colin Flint, Peter J. Taylor Political Geography. United Kingdom, 2002
10. Davis J., Liss R. Effective academic Writing. The Essay, Oxford, 2006.
11. Harm de Blij Geography Book: A Leading Geographer's Fresh Look at Our Changing World
12. Keith Kelly. Geography. MacMillan Practice Publishers, 2009
13. Neil Coe, Philip Kelly, Henry W.C. Yeung Economic Geography: A Contemporary Introduction. May, 2007, Wiley-Blackwell
14. Stephen S. Birdsall. Outline of American geography. New-York, 1992
15. Thurston E.L. and E.H. Faigle World Geography, second edition, 1945, New York
16. Trevor J. (Editor), Eric Sheppard. A Companion to Economic Geography. Willey-Blackwell, 2007

Қосымша әдебиеттердің тізімі / Список дополнительной литературы /

List of padding literature:

1. Апресян Ю.Д., Англо-русский синонимический словарь, М, 1979
2. Смирнова Л.Н. Scientific English, Ленинград, 1986
3. Искакова А.О., Макажанова З.Ш. Практикум по английскому языку. Алматы., КазНПУ им. Абая 2011
4. Escott John . London, Oxford University Press, 2005
5. Escott John New York. Oxford University Press, 2005
6. Hornby A.S. Oxford Advanced Learner's Dictionary of Current English, 2010
7. Murphy R. English Grammar in Use, Oxford, 2005
8. Oxford Dictionary of Synonyms and Antonyms, 2007
9. Oxford Phrasal Verbs Dictionary for learners of English, 2006
10. Tim Vicary. Ireland. Oxford University Press, 2006
11. Абдрахманов С.А., Базарбаев К.Б., Медеу А.Р. Казахско-русский толковый словарь народных географических терминов. - Алматы, Институт географии (ИГ) РК, 2012. - 208 с.
12. Абдрахманов С.А., Базарбаев К.Б., Медеу А.Р. Русско-казахский словарь географических терминов. - Алматы, ИГ РК, 2011. - 358 с.
13. Абдрахманов С.А. Географическая терминология в Казахстане: история, формирование и стандартизация. - Алматы, ИГ РК, 2013. - 110 с.
14. Абдиманапов Б.Ш. Словарь-справочник географических понятий и терминов. - Алматы: Изд. «TE Color», 2010. - 230 с.
15. Алаев Э.Б. Экономико-географическая терминология. - М.: Изд. «Мысль», 1977. - 200 с.

16. Бейсенова Ә.С., Каймулдинова К.Д. «Жер туралы» ғылымдардың қазақша-орысша-ағылшынша терминологиялық сөздігін жасаудың мәселелері. – Алматы: Print S, 2010. – 92 бет.
17. Большая географическая энциклопедия. Страны мира / Науч. ред. - д.г.н. Люри Д.И. - М.: ОЛМА, 2007. - 640 с.
18. Большой иллюстрированный справочник: Страны и континенты / Автор текста - Клайв Гиффорд (перевод с англ. языка). - М.: Махаон, 2005. - 488 с.
19. Географический энциклопедический словарь: Географические названия / Ред. кол.: Э.Б. Алаев и др. - М.: Сов. энциклопедия, 1983. - 528 с.
20. География: Большой справочник / Авторы разделов: Амбарцумова Э.М., Барабанов В.В. и др. - М.: Дрофа, 2004. - 928 с.
21. Егоров А.Б. Физическая география: русско-немецкий, немецко-русский словарь. - Алматы, Институт географии РК, 2012. - 446 с.
22. «Жетісу». Энциклопедия. Бас ред.: Қайдар Әбдіұәлі. – Алматы, «Арыс» баспасы, 2004. - 712 бет + 48 бет иллюстрация.
23. Жиздыбаев Т.К. Словарь-справочник туристских и краеведческих терминов. – Алматы: Дәуір, 2004. – 191 с.
24. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия / Национальная энциклопедия. I-X том / Бас ред.: Нысанбаев Ә., Аяған Б. – Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 1998-2007жж.
25. Қойшыбаев Е.Қ. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 257 бет.
26. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. - М.: Изд. «Мысль», 1984. - 653 с.
27. Строева К.Ф. Краеведение: учебное пособие. - М.: Изд. центр «МарТ», 2005. - 330 с.
28. Суюмбаева С.Т. Справочник рыночных терминов. – Алматы, КазНПУ им. Абая, 2010. – 134 с.
29. Увалиев Т.О., Утеева Г.А. География Алматинской области. - Алматы, Обл.ИУУ, 2001. - 279 с.
30. Ушаков А.С. Страноведение: учебное пособие. - М.: Изд. центр «МарТ», 2007. - 256 с.

Типтік бағдарламаны құрастырғандар / Составители типовой программы / Authors of the standard program:

- Ысқақова Ә.О. / Искакова А.О. / Iskakova A.O. - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Арнайы мақсаттағы шетел тілдері» кафедрасының доценті, п.ғ.к. / Доцент кафедры «Иностранных языков для специальных целей»

КазНПУ имени Абая, к.п.н. / Associate Professor "Foreign Languages for Special Purposes" Abai Kazakh National Pedagogical University, c.p.s.;

- Ивлева Н.В. / Ивлева Н.В. / Ivleva N.V. - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Елтану және туризм» кафедрасының доценті, п.ғ.к. / Доцент кафедры «Страноведения и туризма» КазНПУ имени Абая, к.п.н. / Associate Professor of "Regional Geography and Tourism" Kazakh National Pedagogical University named after Abai, c.p.s.;

- Уәлиев Т.О. / Увалиев Т.О. / Uvaliev T.O. - Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің доценті / Доцент Казахского Национального педагогического университета имени Абая / Associate professor of the Kazakh National pedagogical university named after Abay;

- Саванчиева А.С. / Саванчиева А.С. / Savanchiyeva A.S. - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Қазақстан географиясы және экология» кафедрасының аға оқытушысы / Старший преподаватель кафедры «Географии Казахстана и экология» КазНПУ имени Абая / Senior teacher of the department "Geography and Ecology of Kazakhstan" of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai.

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

GOA 3301 Географияны оқыту әдістемесі

5B011600 – География

3 кредит

Алматы, 2016

Алғы сөз

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде дайындалған және **ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Шілдебаев Ж.Б. – п.ғ.д., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

Надыров Ш.М. – г.ғ.д., профессор әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

«Географияны оқыту әдістемесі (ГОӘ)» - педагогикалық пәндер сапында жалпы дидактика, педагогика, психология, логика пәндерімен тығыз байланысты және олардың негізінде қалыптасады. Оқыту әдістемесінің, табиғат пен қоғамның өзара арақатынасы туралы пәнаралық кешенді ғылым - экологиямен байланысы айрықша қарқын алуда, ол мектеп географиялық білімінің мазмұнында қамтылған, әрі мұнда географиялық білімге қоса экологиялық мазмұн ұғымы енгізілген.

Пәннің мақсаты – географияны оқыту әдістемесі бойынша білім және біліктілік жүйелерін қалыптастыру.

Курстың міндеттері – мектеп географиясының тарихи дамуын, географиялық білім және әдістемелік ойларды талдау; географияны оқытудағы зерттеу әдістерін меңгеру; географияның оқу пәні ретіндегі білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарын ашу; географиялық білім, біліктілік пен дағдылардың қалыптасу әдістерін, географияны оқытудың типтері мен әдістерін ашу; мектеп географиясының мазмұнын, оның жекелеген компоненттері мен курстарын зерттеу; географияны оқыту процестерін талдау; географияны оқыту құралдары және олармен жұмысты орындау әдістемелері туралы білімді қалыптастыру; географияны оқытуды ұйымдастырудың жолдарын зерттеу; мектеп географиясының жекелеген курстарын оқыту ерекшеліктері жайлы білімдермен қаруландыру; студенттерді педагогикалық практикаға және география мұғалімінің болашақ кәсіби қызметіне дайындау.

«Географияны оқыту әдістемесі» төмендегі сұрақтарға жауап береді: не үшін оқыту? нені оқыту? қалай оқыту? ненің көмегімен оқыту? оқушылар қалай оқиды, жетіледі? Географияны оқыту әдістемесі курсында студенттер теориялық білім және практикалық іс-әрекет тәсілдерін меңгереді.

«Географияны оқыту әдістемесі» географиямен ғылым ретінде өте тығыз байланысты. География оқу пәні ретінде-география ғылымының негізі, ал ол өз кезегінде оқыту, тәрбиелеу мен дамыту мақсаттары аясында және педагогикалық жүйеге орайластырылып алынған.

Білімнің кез келген саласындағыдай, диалектикалық материализм оқыту әдістемесінің әдіснамалық негізі болып табылады. Диалектикалық материализмнің әдіснамалық ұстанымдарының жүзеге асырылуы, оқушыларды табиғатқа, қоғамға, өндіріске және адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасына материалистік көзқарастың қалыптасуымен түсіндіріледі.

Студенттердің білімдері мен іскерліктеріне қойылатын талаптар

«Географияны оқыту әдістемесі» курсына оқып-үйрену нәтижесінде студент білуі керек:

- әдістеме ғылымының маңызы мен зерттеу проблемаларын;
- оның географиялық және басқа да педагогикалық-психологиялық ғылымдармен байланыстарын;
- мектеп географиялық білімінің мазмұнын пән құрылымын;
- географияны оқытудың әдістемелерінің жіктелерін;
- географияны проблемалы оқытудың мәні мен жүзеге асыру жолдарын;
- географиялық білім мен іскерлікті қалыптастыру әдістері мен әдістемелік жағдайларын;
- география оқыту құралдары жүйесін, олардың дидактикалық ерекшеліктері мен функцияларын;
- географияны оқыту процесіндегі картамен жұмыс істеудің ерекше рөлін;
- мектеп бағдарламасын оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау барысында оны басшылыққа алып қолдануды;
- тақырыптық және сабақ жоспарларын құрастырып түзетуді;
- түрлі типтегі сабақтар мен семинарларды өткізуді.

Студент игеруі керек:

- мектеп бағдарламасын оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлауда нұсқау ретінде қолдануды;
- тақырыптық және сабақ жоспарларын құрастырып түзуді;
- әр түрлі типтегі сабақтар мен семинарларды жүргізуді;
- сабақтың мақсатын тұжырымдап айтуды, оның мазмұнын анықтауды, оқытудың әдістері, тәсілдері мен құралдарын тандауды, сабақтың сапасын бағалауды;
- сабақта интербелсенді әдістерді қолдануды;
- топсеруендерді дайындау мен өткізуді, алынған нәтижелерді ретке келтіру мен оларды оқыту процесіне ендіруді;
- оқу, сыныптан тыс, өлкетану және туристік жұмыстарды ұйымдастыруды, география кабинетін және география алаңын толықтыру және жабдықтау жұмыстарын жүргізуді.

«Географияны оқыту әдістемесі» пәнінің тақырыптық жоспары

№	I Бөлім. Орта мектептегі географияны оқыту әдістемесінің жалпы мәселелері
1	1. Географияны оқыту әдістемесі – ғылым ретінде.
2	2. Географияны оқыту әдістемесінің мақсаты мен міндеттері. Орта мектептегі географиялық білімнің құрылымы мен мазмұны.
3	3. Географияны оқыту әдістері. Географияны оқытудың жаңа технологиялары.
4	4. Географияны оқыту құралдары. География кабинеті.
5	5. Ұғымдар, заңдылықтар мен құбылыстарды оқытудың әдістері мен түрлері.
6	6. Географияны оқытудың негізгі құралдарымен жұмыс. Географиядан анықтамалық әдебиеттермен, түсіндірмелік және

	терминдік сөздікпен жұмыс.
7	7. География сабағы.
8	8. Географиядан сыныптан тыс жұмыстар.
9	9. Геоинформатиканың негіздері және геоақпараттық жүйе (ГАЗ) - технология.
	II Бөлім. Географияның жекелеген курстарын оқып-үйренудің әдістері.
	1. 10. Физикалық географияның бастауыш курсы.
	2. 11. Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы.
	3. 12. Қазақстанның физикалық географиясы курсы.
	4. 13. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы.
	5. 14. Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы (оның 10-11 сыныптарға арналған жаратылыстану және қоғамдық-гуманитарлық бағыттары негізінде).
	15. Географиядан факультативтік курстар.
	Сарамандық сабақтар тақырыптары
	1. Географиядан орта мектеп бағдарламасы.
	2. Географияны оқыту құралдары.
	3. Географияны оқыту әдістері. Проблемалы оқыту.
	4. Оқу жұмыстарын жоспарлау.
	5. Физикалық географияның бастауыш курсы.
	6. Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы.
	7. Қазақстанның физикалық географиясы.
	8. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы.
	9. Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы (оның 10-11 сыныптарға арналған жаратылыстану және қоғамдық-гуманитарлық бағыттары мысалында).

Құзыреттілігі:

«Жаратылыстану» (физикалық география) және «Адам және қоғам» (әлеуметтік-экономикалық география) білім салалары бағдарына сәйкес, құзыреттіліктер өз кезегінде пәнаралық пен пәнішілік сипатта жалпыгеографиялық және шептес пәндердің негізінде қалыптасады және дамиды. «Географияны оқыту әдістемесі» пәнін зерделеп оқып-үйрену студенттерде кешенді жалпыгеографиялық базалық білімді қалыптастырумен бірге, мектеп географиясының теориялық негіздерін және орта мектептің оқушыларын оқыту технологияларын игерулеріне мүмкіндік береді. Аталмыш оқу пәнін меңгеруі нәтижесінде келесі сипаттардағы құзыреттіліктер қалыптасуы тиіс: *жалпымәдени құзыреттіліктер* мәнінде – өзінің тұлғалық даму мақсаттарын қалыптастыруға және шынайы бағалауға қабілетті, сондай-ақ оқушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру дағдыларын игерген; *кәсіби құзыреттіліктер* негізінде: оқу-тәрбие үдерісін модельдей (үлгілей) алатын және оқыту тәжірибесінде оны жүзеге асыруға дайын; психологиялық және педагогикалық зерттеулерде сапалық және

сандық әдістерді *қолдануға дайын*; білім берудің әртүрлі деңгейіндегі білім алушыларға арналған бағдарламалардан, оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әртүрлі теорияларынан білімдерін *қолдануға әзір*; мамандықтың жоғары әлеуметтік маңызын *түсінетін*, кәсіби этикалық ұстанымдарды *ұстанатын*; **пәндік құзыреттіліктер** бойынша: орта білімнің ерекшеліктерін түсінетін және әр жастағы балаларға білім беруде сабақтастықты жүзеге асыратын құралдарды *меңгерген*; жалпы білім беруші мектеп оқушыларына географияны және оның шептес пәндерін оқытудың әдістемелері мен теориялық негіздерін *игерген*; географияның және оның шептес пәндерінің тұжырымдамалық және теориялық негіздерін, әрі олардың жалпы ғылымдар жүйесіндегі орны мен құндылығын, даму тарихы мен қазіргі жағдайын *білетін*; географияның және оның шептес пәндерінің оқыту технологиясы мен олардың теориялық және зерттеулік негіздерінен білімін қолдануға қабілетті, оқушылардың пәндік біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру әдістерін меңгерген, әрі географияға қызықтыруды қалыптастырудың тәсілдерін игерген және география мен оның шептес салаларынан алған білімдерін күнделікті өмірде *қолдануға қабілетті*; физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық зерттеулерді (зертханалық-сарамандық, демонстрациялық, компьютерлік) ұйымдастыру және іске асыру, қою дағдыларын *игерген*; ақпараттар беру, өңдеу және сақтау, сонымен бірге практикалық міндеттерді шешу үшін физикалық-географиялық және әлеуметтік-экономикалық географияның зерттеу әдістерін, бағдарламалау және замануи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды *пайдалануға қабілетті болуы* тиіс.

Пререквизиттері:

«Географияны оқыту әдістемесі» пәнін оқу барысы, «Картография және топография негіздері», физикалық география және әлеуметтік-экономикалық география салаларының курстарынан, «Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы», т.б. психологиялық және педагогикалық пәндерден алған білімдеріне сүйеніп оқытылады.

Постреквизиттері:

Физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық бағыттардағы кейбір салалық оқу курстары, сонымен қатар қосымша білім беру бағдарламалары компоненттерінің (туризм, экология, экономика, жаратылыстану негіздері, т.б.) пәндері мен осы шептес пәндерді оқыту технологиялары.

Кіріспе

Географияны оқыту әдістемесі - педагогикалық ғылымдардың бірі. Географияны оқыту әдістемесі пәні. Географияны оқыту әдістемесінің проблемалары. Географияны оқыту әдістемесінің басқа ғылымдармен: география, дидактика, психологиямен байланысы. Географияны оқытудың әдістері. Зерттеудің теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері. Географияны оқыту әдістемесінің практикамен байланысы. Географияны оқыту әдісінің заманауи кезеңдегі дамуы. Қазақстандағы мектеп географиясының және оқыту әдістерінің дамуы. Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі оқыту әдістерінің жаңғыруы және дамуы. Озық дамыған елдердің оқыту технологиясын пайдалану және тиімді әдістерін тарату;

I Бөлім. Орта мектептегі географияны оқыту әдістемесінің жалпы мәселелері

1-тақырып. Географияны оқыту әдістемесі – ғылым ретінде.

Географияны оқыту әдістемесі - педагогикалық ғылымдардың бірі. Географияны оқыту әдістемесі пәні. Әдістеме ғылымының қазіргі кезеңдегі даму ерекшелігі: зерттеудің ғылыми-теориялық деңгейінің өсуі; эксперименттің ұдайы кең түрде пайдаланылуы; оқушының оқуына көңіл аудару; бірнеше ғылыми ұжымдардың біріккен күшімен ірі кешенді тақырыптарды жоспарлау және жүзеге асыру. Оқытушылардың географияны оқыту әдістемесі бойынша зерттеу жұмыстарына қатынасуы.

2-тақырып. Географияны оқыту әдістемесінің мақсаты мен міндеттері. Орта мектептегі географиялық білімнің құрылымы мен мазмұны.

“Оқыту мақсаты” ұғымы. Географияны оқытудың білімдік, тәрбиелік және дамытушы мақсаты. Географияның оқушыларға экономикалық, экологиялық, политехникалық білім және кәсіптік бағдар берудегі рөлі. “Географиялық білім мазмұны” ұғымы. Оқу пәні - ғылымның ерекше “педагогикалық проекциясы”. Мектеп географиясының мазмұны-ұжымдық ғылыми іздену нәтижесі. Мектеп географиясы құрылымы. Бағдарламаның бір бағытты-сатылы құрылуы. Курстардың бір ізділігі, олардың мазмұндағы аса маңызды ерекшелік. Бағдарлама мен оқулықтарды географияны оқытудағы өлкетану, политехникалық, экологиялық және экономикалық принциптердің орындалуы. Мектеп географиясы курсының мазмұнына логикалық талдау. Мазмұнының негізгі компоненттері. Білім, оның теориялық және эмпирикалық болып бөлінуі; географияның барлық курстарында теориялық білімдер рөлінің күшейтілуі. Іскерлік. Мектеп географиясы мазмұнындағы іскерлік өсу дәрежесінің себептері. Дүниетану идеясы. Білім мазмұнындағы шығармашылық әрекеттің іс-тәжірибесі. Мектеп географиясы мазмұнындағы

курс аралық және пәнаралық байланыстар. Орта мектепке арналған бағдарлама, мектеп географиясы мазмұнын анықтайтын негізгі құжат. Бағдарламаның әдістемелік жабдықталуы.

3-тақырып. Географияны оқыту әдістері. Географияны оқытудың жаңа технологиялары.

Географияны оқыту әдістемесінде қабылданған оқыту әдістері классификациясы: білім алу көздеріне және оқушылардың таным іс әрекетіне қарай (И.Я.Лернер мен М.Н.Скаткин дидактикалық негізінде). Оқушыларды өз бетінше білім алуға, оқуға үйрету, өсіп келе жатқан жас ұрпақтардың өзбетінше таным әрекетін қалыптастыруды қамтамасыз ету. Оқушылардың таным әрекеттері сипатына қарай ажыратылатын географияны оқыту әдістері: түсіндіру – иллюстрациялық, репродукциялық, проблемалық баяндау, ішінара іздену және зерттеу. Әрбір әдістің міндеті, оқытушы мен оқушылардың іс-әрекеттері, география оқыту процесінде қолдану мүмкіндігі, мысалдар.

Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуі үшін берілетін типтік және проблемалық (немесе шығармашылық, интерактивті) тапсырмалар, олардың оқыту әдістерімен байланысы. Жекелеген оқыту құралдарымен (карта, цифрлық материалдар, картиналар, экран құралдарымен т. б) жұмыс істеу.

Географияны оқыту процесінде оқушылардың білім және өз бетінше таным іскерлігін игеру дәрежесі. Оларды сабаққа даярлану және өткізу процесінде пайдалануы.

Оқушыларды проблеманы шешу жолымен үйрету – проблемалы оқытудың басты белгісі. Проблемалы оқытудың негізгі ұғымдары: проблемалық ситуация, проблема, гипотеза. Географияны проблемалы оқытудың әр түрлі жолдары: оқушыларға жекеленген проблемалар қою және тақырыпты оқып-үйренуге түгелдей проблемалық тәсіл жасау.

Географиядан оқу процесінде проблемаларды енгізу әдістері. Оқушыларды проблемаларды шешуге үйрету, гипотезаны тұжырымдау және тексеру.

Мектеп практикасындағы оқыту әдістері. Ішінара іздену және зерттеу әдістерін қолдан, проблемалы оқыту – география оқытушысының озат көрсеткіші.

Географияны оқытудағы қолданылатын жаңа технологиялар. Географияны оқытудағы блоктық-модульдік технология. Мектеп география курстарының мазмұнының дамыта оқыту принциптері, олардың ерекшеліктері. Саралап деңгейлеп оқыту, деңгейлік тапсырмалар құруға қойылатын негізгі талаптар.

4-тақырып. Географияны оқыту құралдары. География кабинеті

Мектеп географиясындағы оқыту құралдарының міндеті. Оқыту құралдарын жасау процесінде еске алынатын негізгі факторлар. Географиялық нысандар мен құбылыстарды бейнелеу тәсілі жағынан оқыту

құралдарын жіктеу. Оқыту құралдары негізгі топтарының міндеті мен пайдалану мақсаты жағынан сипаты.

Географияны оқытудың материалдық базасы. География кабинеті және оның оқу тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы маңызы. География кабинетінің негізгі элементтері, олардың сипаты. Оқытушы мен оқушылардың жұмыс орындарын жабдықтауға қойылатын талаптар. Оқытушы столы мен сынып тақтасының ерекшеліктері. Карта, сызба-нұсқа және қабырға картиналарын сақтауды ұйымдастыру. Техникалық оқыту құралдары комплектісі, оларды орналастыру.

География оқытушысының география кабинетіндегі шаруашылық ұйымдастыру жұмысы және оның компоненттері. Кабинетті әр түрлі оқыту құралдарымен толықтыру жоспарын жасау. Кабинет құрудың негізгі кезеңдері.

География кабинетін оқу және сыныптан тыс жұмыстар жүргізуде пайдалану. География кабинетін жабдықтаудағы география үйірмесінің рөлі.

5-тақырып. Ұғымдар, заңдылықтар мен құбылыстарды оқытудың әдістері мен түрлері.

Теориялық білімдер қалыптастыру. Географиялық ұғымдарды игеру ерекшеліктері. Жалпы географиялық ұғымдар қалыптастырудың индукциялық және дедукциялық жолдары, лайықты жолдарды таңдау жағдайлары. Жеке ұғымдарды оқып-үйрену ерекшеліктері. Географиялық ұғымдарды қалыптастыру әдістері, оқушылардың таным белсенділігін ұйымдастыру және мазмұны.

Оқу материалы мазмұны мен оқыту жағдайларына байланысты себеп-салдар байланыстарын оқып-үйрену әдістері. Себеп-салдар байланыстарын игеру ерекшеліктері мен көрсеткіштері. Себеп-салдар байланыстарын анықтауда оқытудың негізгі кезеңдері.

Географиялық заңдылықтар туралы білім қалыптастыру; бұл процестің негізгі кезеңдерінің сипаты және оқушылардың білімді игеруіндегі ерекшеліктер. Географиялық заңдылықтарды ашу әдістері.

Эмпирикалық білім қалыптастырудағы өзгешеліктер. Жалпы және жеке географиялық түсініктер, оларды қалыптастыру әдістері. Географиялық түсініктер мен ұғымдардың байланысы. Мектепті қоршаған ортада байқауларды және көрнекілік оқыту құралдарын пайдалану.

Оқытушы мен оқушылардың педагогикалық рөліне байланысты географиялық фактілермен жүргізетін жұмыстарының мазмұны.

Іскерлік пен дағды қалыптастыру. Бұл процестің географиялық білімді игерумен байланысы. Іскерлік пен дағды қалыптастыру әдістері; картаның ролі; физикалық және экономикалық географиялық нысандарға сипаттама берудің қалыптасқан жоспарларымен жұмыс. Іскерлікке үйретудің жалпы кезеңдері; оларды игеру көрсеткіштері. Бағдарламадағы сарамандық жұмыстарды орындау-оқыту процесінде іскерлік қалыптастырудың кепілі.

Білім мен іскерлік қалыптастыру және географияны оқыту принциптерін жүзеге асыру арасындағы байланыс: өлкетану, политехникалық, экологиялық және экономикалық. Оқушыларда білім мен іскерлік қалыптастырудағы география оқытушыларының озық іс-тәжірибелері.

6-тақырып. Географияны оқытудың негізгі құралдарымен жұмыс. Географиядан анықтамалық әдебиеттермен, түсіндірмелік және терминдік сөздікпен жұмыс.

Географиялық карталардың оқудағы міндеті географиялық білімнің аса маңызды көзі екендігі. Картаны, олардың оқу процесіндегі ролі бойынша жіктеу: қабырға, столға жайылатын, мәтінде берілген және оқулыққа қосымша берілген, электронды карталар; олардың мазмұны мен пайдалану ерекшеліктері. Географиялық карталарды оқып үйрену мақсаты және олармен мектеп географиясы курстарында жүргізілген жұмыстар. “Картаны түсіну”, “оқу” және “білу” ұғымдарының мазмұны.

Картаның мазмұны және картаны түсінуді оқытудағы негізгі әдістері. Картографиялық ұғымдар жүйесі. Картаны оқуға үйрету әдістері. Басты картографиялық іскерліктер және олардың физикалық және экономикалық география курстары бойынша айырмашылығы. Картаны білуді қамтамасыз ететін оқыту әдістері. Географиядағы ішінара іздену және зерттеу әдістері мен проблемалы оқыту құрамында картамен жүргізілетін жұмыстар.

География оқулықтары, олардың атқаратын қызметі. Оқулықтардың ғылыми мазмұны мен әдістемелік аппараттың сипаты. Мәтіннің құрылымдық компоненттері. Оқулықтың мәтін және мәтінен тыс компоненттерімен жүргізілетін негізгі әдістері. Физикалық, экономикалық географиялардың мазмұнын және оқушылардың жас ерекшелігін ескеріп оқытудың әр сатысында мәтінмен жұмыс істеу әдістерінің өзгеруі. Оқушылардың оқулықты пайдалануында шығармашылық сипаттың күшеюі. Оқулықпен жүргізілетін жұмыстарға қойылатын жалпы әдістемелік талаптар.

Қабырға картиналары мен экрандық құралдардың негізгі міндеттері. Қабырға картиналары, электронды оқулықтар мен оқу құралдары, оқу кинофильмдерімен, диафильмдер, диопозитивтермен жүргізілетін жұмыстардың ерекшеліктері. Оқытушының оларды пайдалануға даярлығы. Географияны оқытудың әр түрлі әдістемесін пайдалану кезінде қабырға картиналары және интерактивті тақтада істелетін жұмыстар.

Физикалық және экономикалық география курстарындағы статистикалық көрсеткіштердің маңызы және олармен оқыту процесінде жүргізілетін жұмыстар. Берілу тәсіліне байланысты мектеп географиясында статистикалық мәліметтердің негізгі топтары. Жеке (топтастырылмаған) көрсеткіштермен жұмыс жүргізу әдістері. Графиктер, диаграммалар және статистикалық кестелердің танымдық мүмкіндіктері, оларды оқу әдістері. Цифрлық материалдардың ерекшеліктерін ескеріп графиктер, диаграммалар және статистикалық кестелерді оқытудың мазмұны және жүйелілігі.

Қазақстан экономикалық және әлеуметтік географиясы курсындағы экономикалық есептер және олардың мақсаты. Экономикалық есептер құруға қажетті цифр материалдарды алу көздері. Географияны оқыту құралдарын пайдалану жөніндегі оқытушылардың озық іс-тәжірибелері.

7-тақырып. География сабағы

Сабақ-географияны оқытудың негізгі формасы. Оқу жұмыстарын жоспарлау. Жоспарлау түрлері. Оқушылардың өз беттерінше жұмыс істеуі мен шығармашылық белсенділігін дамытуда тақырыптық жоспарлаудың ролі; тақырыптық және күнделікті сабақ жоспарларының өзара байланысы, күнделікті сабақ жоспарында оқытушы мен оқушылар арасындағы байланыстың бейнеленуі. Оқытушының сабаққа даярлануы. Сабақтың мақсаттары мен міндеттерін қою (білімділік, дамытушылық, тәрбиелік) және мазмұнын анықтау; оқыту әдістері мен құралдарын таңдап алу. География сабағында оқыту процесін оңтайландырудың негізгі жолдары.

География сабағының сипаты. Оқушылардың білімі мен іскерлігін тексеру, оның бақылаушылық және білім беру қызметі. Тексерудің мазмұны. Оқушылардың өз беттерінше таным әрекеті деңгейлеріне байланысты тексеру сұрақтары мен тапсырмалардың әр түрлі дәрежеде болуы. Білім мен іскерлікті тексеруді ұйымдастыру формалары (жекелей, жалпылай, тығыздалған сұрақтар). Тексеру формаларын таңдаудың мазмұнға, жас ерекшелікке және оқушылардың білімі мен іскерлігі қалыптасуына байланыстылығы. Ауызша, жазбаша және графикалық тексерулерді пайдалану. Тапсырмалардың түрлері: толық жауап беруді талап ететін сұрақтар мен тапсырмалар, құрылымдық, сауалнамалар. Білім мен іскерлікті тексеру процесінде оқушылардың белсенділігін арттыру әдістері (рецензиялау, түсінік беру т.б.).

Жаңа материалды оқып - үйрену. Мектеп географиясы мазмұнының теориялық дәрежесі артуы мен байланысты жаңа материалды оқып-үйренуге қойылатын талаптар. Оқушылардың жаңа білімдерді қабылдауға даярлығы (жаңа оқу материалын бұрын өтілгендермен байланыстыра білу, проблемалық ситуациялар жасау, географиялық білім мен іскерліктің практикалық маңызын ашу т.б.). Оқып-үйренетін материалды мағынасына қарай бөлшектерге бөлу, олардың әрқайсысынан танымдық тапсырмалар түзу. Білім мен іскерлікті қалыптастырудың әртүрлі кезеңінде оқушылардың белсенділігін арттыру әдістері: қабылдау, мәнін түсіну, ойда сақтау, талдап қорыту және жүйеге келтіру, практикада қолдану. Жаңа материалды оқып-үйренуде проблема қою.

Білім мен іскерлікті бекіту. Білімді “үлгі бойынша” және шығармашылық қолдануды талап ететін сұрақтар мен тапсырмаларды пайдалану.

Үйге тапсырма беру; оның маңызы. Тапсырмаларды білім көздеріне қарай жіктеу. Оқушыларды дифференциалды бағалай отырып жеке оқушыларға және топтарға берілетін үй тапсырмалары.

Географиядағы негізгі сабақ түрлерінің сипаттамасы: аралас, жаңа материалды оқып-үйрену, қорытындылап-қайталау; өз беттерімен жүргізетін және сарамандық жұмыстар. Оқытудың дәріс-семинар формалары, оларды Қазақстан және дүниежүзі экономикалық және әлеуметтік географиясы курстарында пайдалану мүмкіндіктері.

География оқытушыларының сабақты жетілдірудегі іс-тәжірибесі, оны оқып-үйрену және көпшілікке тарату жолдары.

8-тақырып. Географияны оқытудың мектептен және сыныптан тыс түрлері.

Сыныптан тыс жұмыстар-географияның оқу-тәрбие жұмыстарына қажетті құрамды бөлігі. Сыныптан тыс жұмыстардың білімдік-тәрбиелік мақсаты: саяси-идеялық тәрбие, оқушылардың танымдық іскерлігін және географиядағы қызығушылығын дамыту, еңбек тәрбиесі, кәсіптік бағдар беру, экологиялық тәрбие. Оқушылардың қоғамдық пайдалы істері ролінің артуы. Сыныптан тыс туристік өлкетану жұмыстарының ерекше рөлі.

Сыныптан тыс жұмыстардың негізгі формаларының сипаты (географиялық үйірме, сыныптан тыс оқу, конференция, сауық кештер, топ серуен -туристік жұмыстар, “география апталығы”, олимпиада т.б); мазмұны, жоспарлау және әртүрлі сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу әдістемесі.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты сыныптан тыс жұмыстардың ерекшеліктері.

Сыныптан тыс жұмыстар жайындағы география оқытушыларының озат іс-тәжірибесі, оны үйрену және көпшілікке тарату жолдары.

Топ серуен - мектепте географияны оқыту формаларының бірі, оқытудағы өлкетану принципін жүзеге асырудағы, оқушылардың география ғылымы зерттеу әдістерімен таныстырудағы, оларды тәрбиелеудегі және таным әрекеттерін дамытудағы маңызы. Топ серуеннің оқушыларды еңбекке баулудағы рөлі. Мектеп бағдарламасындағы топ серуендер жүйесі, оның географияны оқыту мазмұнымен байланысы. Физикалық география топ серуендері; олардың мақсаты, мазмұны және VI, VII, VIII сынып оқушыларына арналған сарамандық тапсырмалар. Қазақстан экономикалық және әлеуметтік география курсына орындалатын топ серуен, оның мақсаты, мазмұны, оқушыларға арналған сарамандық тапсырмалар. Топсеруен ұйымдастыру: оған оқытушы мен оқушылардың даярлығы, топсеруенді өткізу, алынған нәтижесін ретке келтіру.

Топсеруен өткізудегі оқытушылардың озат іс тәжірибелері және жиналған материалдарды география сабақтарына пайдалану.

9-тақырып. Геоинформатика негіздері және геоақпараттық жүйе (ГАЗ) - технология.

Геоинформатика және ГАЗ туралы ортақ ұғымдар: даму тарихы, мәні, құрылымы, функциялары. Геоинформатика негіздері. Шынайы бағытталған ГАЗ. Географиялық ГАЗ дәйектемесі.

ГАЗ құрылымы. ГАЗ-ң техникалық сипаттамасы. Сандық және график түрінде мәліметті анықтау технологиялары. График түріндегі стандарттар.

ГАЗ-ы ақпараттық қамтамасыз ету. Мәліметтер көздерінің түрлері. Карталар - ГАЗ негізі. ГАЗ-ні бағдарламалық қамтамасыз етілуінің қолданысы мен сипаты. Негізгі ГАЗ - пакеттер стандарты, құрылым және қызмет ерекшеліктері.

ГАЗ-ті ақпараттық, техникалыққа және бағдарламалық қамтамасыз етуге талаптар. ГАЗ технологиялар элементтері.

Векторлық мәліметтердің өрнектеу әдістері, (желілердегі байланысы және полигондардың арасындағы) топологияның ұсынысы-кодтау, рет және қайта кодтау сақтау және растрлық мәліметтердің өрнектеу; иерархиялық мәліметтер құрылымдары, квадранттар тармағы. ГАЗ-е ғарыштық суреттердің өңдеуінің әдістері және қолданысы.

Математикалық - картографиялық модельдеудің әдістері. Ғарыштық суреттердің негізінде тақырыптық карталардың жасауын геоақпараттық технологиялары. Мәліметтердің географиялық қолданысы және геокодтау. ГАЗ мәліметтер жіктерінің тақырыптық келісу әдістері. Мәліметтің семантикалық және геометриялық генерализациясы.

География сабақтарындағы жаңа ақпараттық технологияларының (интерактивті тақталар, электрондық мультимедиа оқулықтарды, сандық білім беретін бағдарламалар, т.б.) қолдану.

II Бөлім. Географияның жекелеген курстарын оқып-үйренудің әдістері

10-тақырып. Физикалық географияның бастауыш курсы. Физикалық географияның бастауыш курсы оқытудың білімдік, тәрбиелік дамыту мақсаттары.

Курстың құрылымы мен мазмұны. Жер геосфераларын оқып-үйрену-курсты құрудың негізі. 6 сыныпта геосфераларды оқып үйрену жүйелілігі және педагогикалық дәлелі. Жалпы және жеке ұғымдардың ара қатынасы. Өлкетану материалы – курс мазмұнының органикалық бөлімі. Оқытудың экологиялық принципін жүзеге асыру. Азаматтардың табиғатты сақтау, оның байлықтарын қорғау міндеттері жайында Қазақстан Республикасы Конституциясы материалдарын пайдалану. Оқушылардың табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру туралы бағдарлама талаптары.

Әрбір географиялық қабықты сипаттаудың типологиялық схемасы: вертикаль бағыттағы құрамы мен көлемі, негізгі құбылыстар, адамның шаруашылық әрекетінде пайдаланылуы, табиғатты қорғау шаралары.

Білім мен іскерлік қалыптастыру. Оқушылардың білімі мен іскерлігіне қойылатын талаптар. Білімді қалыптастыруда жекелей жұмыс жүргізудің басым болуы-оқушылардың жас ерекшеліктерінің нәтижесі. Өлкетану материалы мен табиғатқа байқау жүргізуге жүйелі түрде сүйену. Көрнекілік құралдарын кеңінен пайдалану. Оқыту әдістерін жиі ауыстыру қажеттігі.

Карта – оқып-үйрену объектісі және білім көзі. Картадан географиялық нысандарға сипаттама берудің қалыптасқан жоспары. Географиялық атауларды оқып үйрену әдістері. Оқушыларды кескін карталарды толтыруға үйрету.

Оқулық және дәптермен жұмыс істеу ерекшеліктері. Ауа райы, фенологиялық және табиғаттың басқа да құбылыстарың күн түзбесін жүргізу. Табиғаттың жеке компоненттері арасындағы өзара байланыстарды оқушыларды түсінуіне біртіндеп жеткізу. Табиғи-аумақтық кешен туралы білім қалыптастыру негізін қалаушы “Табиғат компоненттерінің” өзара байланысын тақырыбын оқып-үйрену ерекшеліктері. Бағдарламада көрсетілетін сарамандық жұмыстар жүйесі және оларды орындау әдістемесі. Сабақтың басым түрлері.

11-тақырып. Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы.

Материктер мен мұхиттар географиясы курсы оқытудың білімдік, тәрбиелік, дамыту мақсаттары.

Курстың құрылымы мен мазмұны. Курстың негізгі бөлімі-материктер мен мұхиттар табиғатының тұтас және өзіне тән табиғи комплекстерінің сипаты, халықтың аса маңызды белгілері және оның шаруашылық әрекетіндегі ерекшеліктер, қазіргі саяси карта. Картографиялық білімнің дамуы.

Материктер мен оның бөліктерін оқып үйрену үшін теориялық фундамент ретіндегі “жер бедері мен климатының жалпы ерекшеліктері” тақырыбының рөлі. Қорытынды ретіндегі “жалпы географиялық заңдылықтар” тақырыбының жалпылау және дүниетану көзқарасы бағытындағы сипаты. Материктер мен мұхиттарды оқып - үйренудегі жүйелілік және педагогикалық дәлелі.

Білім мен іскерлік қалыптастыру, оқушылардың білімі мен іскерлігіне қойылатын талаптар. Білім қалыптастырудың индукциялық және дидукциялық жолдарын ұштастыру; физикалық географияның бастауыш курсы мен пән ішіндегі байланысты орнату. Жалпы және жеке ұғымдарды қалыптастыруда өлке тану материалдарын пайдалану. Биология, тарих, физика және т.б. пәндермен пән аралық байланыстарды іске асыру әдістері. Оқыту процесінде салыстырудың рөлі.

Материктер мен мұхиттар географиясы курсына дағды проблемалық тапсырмалар мен проблемалық тәсіл. Бағдарламада көрсетілген жалпылай қайталауды жүргізу әдістемесі.

12-тақырып. Қазақстанның физикалық географиясы курсы

Оқушылардың физикалық географиядан білім алатын соңғы курстың білімдік, тәрбиелік, дамыту мақсаттары.

Курстың құрылымы мен мазмұны. Курстың негізгі бөлімдері: “Қазақстан табиғатының зерттелуі”, “Қазақстан табиғатына жалпы сипаттама”, “Қазақстан табиғат кешендерінің әр түрлілігі”, “Табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану және табиғатты қорғау”, олардың мазмұны және өзара байланысы.

“Қазақстан табиғатына жалпы сипаттама” бөлімін оқып-үйренуде білім мен іскерлік қалыптастыру. Қазақстан табиғатын жалпы заңдылықтар жағдайында оқып-үйрену. Бөлімді оқып-үйренуде өлке тану принциптерін жүзеге асыру. Проблемалы тәсілді пайдалану. Табиғат құбылыстары мен процестерін оқып-үйренуде физика, химия және биология пәндерімен байланысты жүзеге асыру.

“Қазақстан табиғат кешендерінің әр түрлілігі” бөлімін оқып-үйренуде білім мен іскерлікті қалыптастыру. Курс бойынша бағдарламада көрсетілген сарамандық жұмыстар жүйесі.

13-тақырып. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы

Қазақстан экономикалық және әлеуметтік географиясын оқытудың білімдік, тәрбиелік, дамыту мақсаттары. Курстың оқушыларға экономикалық, экологиялық және политехникалық білім берудегі маңызы.

Курстың құрылымы мен мазмұны. Курс бөлімдері: “Қазақстанды экономикалық-географиялық тұрғыдан шолу” және “Қазақстан Республикасы экономикалық аудандарының географиясы”, олардың өзара байланысы, құрылуы мен мазмұнындағы ерекшеліктері. Курстың жалпы ұғымдар жүйесі, экономикалық географиялық байланыстардың түрлері, іскерліктер жүйесі. Қазақстан физикалық географиясы пәнімен курс аралық, химия, физика, биология және тарихпен пән аралық байланыстар. Курс мазмұнындағы оқытудың өлке тану принципін жүзеге асыру.

Білім мен іскерліктер қалыптастыру. Білім мен іскерлікке қойылатын талаптар. Оқушыларды экономикалық карталар, статистикалық материалдар, экономикалық-географиялық және экономикалық есептерді шығаруға, мезгілді баспалар материалдарымен жұмыс істеуге үйрету. Бағдарламада көрсетілген сарамандық жұмыстар жүйесі.

“Қазақстанды экономикалық-географиялық тұрғыдан шолуды” оқып-үйрену. Экономикадағы шаруашылық салалары мен экономикалық географиялық нысандарға сипаттама берудің қалыптасқан жоспарын қолдану. Курстың осы бөліміндегі жалпы ұғымдарды қалыптастыру әдістері; оқушылардың топ серуен кезіндегі жергілікті жердегі кәсіпорындар жайында алған білімдерін сабақта қолдана алуы.

“Қазақстан Республикасы экономикалық аудандарының географиясы” бөлімін оқып-үйрену. Жаңа ұғымдарды қалыптастыру әдістері.

14-тақырып. Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы (оның 10-11 сыныптарға арналған жаратылыстану және қоғамдық-гуманитарлық бағыттары негізінде).

Дүниежүзі экономикалық және әлеуметтік географиясын оқытудың білімдік, тәрбиелік, дамыту мақсаттары. Сыртқы экономикалық саясатымен таныстырудағы курстың ерекше рөлі. Курстың саяси-идеялық бағыттылығы.

Дүние жүзінің саяси картасы. Дүниежүзілік табиғи ресурстар, дүние жүзі халқы, дүние жүзі шаруашылығы географиясы, әр түрлі әлеуметтік-экономикалық типтегі елдердің халқы мен шаруашылығының ерекшеліктері туралы жалпы ұғымдар жүйесі. Курс мазмұнындағы типологиялық тәсіл.

Қазақстан экономикалық және әлеуметтік географиясы курсымен білім және іскерлік, дүниетану идеясы жағынан пән ішіндегі байланыстар. Пәнаралық байланыстар; тарихпен байланыстың ерекше рөлі.

Білім мен іскерлік қалыптастыру. Білім мен іскерлікке қойылатын талаптар. Оқыту процесінде жоғарғы сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін және курстың мектепте географиялық білімді аяқтаушы екенін еске алу. Жалпы ұғымдар қалыптастыруда дидуктивтік жолдардың басымдығы.

“Дүние жүзіне жалпы экономикалық географиялық шолудың” оқып-үйрену әдістемесі. Жалпы ұғымдарды қалыптастыру мен дүние жүзі шаруашылығы салалары географиясын оқып үйренуде пән ішіндегі байланыстарды жасау әдістері. Оқушылардың картамен, статистикалық материалдармен, оқулық мәтінімен өз бетінше істейтін жұмыстарын пайдалану.

15-тақырып. Географиядан факультативтік курстар

Факультативтік курстар – мектепте географияны оқыту формаларының бірі. Олардың оқушыларға білім, тәрбие және кәсіптік бағдар берудегі рөлі. Географиядан негізгі факультативтік курстар: “картография және топография негіздері”, “өлкетану”, “туризм және экскурсия тану негіздері” “табиғат қорғау”. Әрбір факультативтік курстың құрылымы мен мазмұнындағы ерекшеліктер, географияның мектеп бағдарламасымен байланысы. Факультатив сабақтарын ұйымдастыру әдісі мен формалары. Оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытудағы өз бетінше жұмыс істеу, топ серуен, сарамандық сабақтарының рөлі. Білім мен іскерлікті тексеру ерекшеліктері.

Сарамандық сабақтың тақырыптары

I-тақырып. Географиядан орта мектеп бағдарламасы

Студенттердің бағдарламамен жаттығу және өз бетінше жүргізетін жұмыстары. Түсінік хатты талдау: мектепте географияны оқытудың мақсаты мен міндеті; географияны оқыту процесіне қойылатын негізгі бағдарлама талаптары. Бағдарлама құрылымы мен мазмұнын сыныптан сыныпқа көшудегі бірізділігі және білім мен іскерлік дамуы тұрғысынан талдау.

Бағдарламаның әдістемелік жабдықталуымен танысу: жеке курстар және оқу тақырыптарының негізгі бөліктері; бағдарлама құрылуының типологиялық схемасын бағалау. Бағдарламаның ғылыми деңгейі, оның тәрбиелік бағыты, оқытудың өлкетану және экологиялық принциптерінің жүзеге асырылуы. Оқытушының оқу-тәрбие процесінің даярлау мен ұйымдастыру үшін бағдарламаның маңызы туралы қорытынды.

II-тақырып. Географияны оқыту құралдары

Оқулық және онымен жұмыс істеу әдістері. Оқулықтың құрылымы мен мазмұны жағынан бағдарламамен салыстыру. Оқулықтың мәтінімен және мәтінен тыс компоненттерімен танысу. Оқулықпен жұмыс істеудің әр түрлі әдістерін тандап алуға және қолдануға жаттығу.

Оқытудың басқа көрнекілік құралдары және техникалық оқыту құралдары. Оларды талдау. Сабақта табиғи қосымша құралдарды, қабырға картиналарын, т.б. пайдалану әдістері. Студенттердің ұғымдар және олармен байланысты түсініктер қалыптастыруда көрнекілік құралдар мен техникалық оқыту құралдарын пайдалану әдістерін ойластыруы және көрсетуі.

III-тақырып. Географияны оқыту әдістері. Проблемалы оқыту

Географиялық білім мазмұнының әр түрлі компоненттерін қалыптастыру мақсатымен төменгі және жоғарғы сыныптарда түсіндіру-иллюстрациялық, репродукциялық, проблемалық баяндау, ішінара іздену және зерттеу әдістемесін таңдауда және пайдалануда студенттердің өз бетінше істейтін жұмыстары мен жаттығулары. Проблемалық ситуацияларды даярлау, проблеманы тұжырымдау, гипотезалар ұсыну, проблеманы шешу жолдарын анықтау, қорытындыларды тұжырымдау.

IV-тақырып. Оқу жұмыстарын жоспарлау

Тақырыптық жоспарлау – оның мәні, маңызы, тақырыптық жоспарларды жасау. Студенттерді тақырып бойынша бірнеше сабақты даярлауға үйрету(оқушының таңдауы бойынша).

Күнделікті сабақты жоспарлау. Студенттердің сабаққа оқу материалдарын, әдістерді және оқыту құралдарын тандап алуға жаттығуы.

Сабақтың әр кезеңінде оқытушы мен оқушылардың іс-әрекетін бейнелейтін сабақ конспектісін жасауға үйрету.

V-тақырып. Физикалық географияның бастауыш курсы

Студенттердің физикалық географияның бастауыш курсына оқу комплекстерімен жұмыс істеуі. Бағдарлама, оны талдау: курстың құрылымы ,негізгі білім, іскерлік мәселелері, дүние тану идеялары. Оқулық оның құрылымы: мәтінді талдау, оны логикалық бөлімдерге ажырату (факті, сипаттау, түсіндіру, ұғымдарды қалыптастыру, жалпылай кеңейту, қорытынды), олардың арасындағы арақатынасын анықтау; оқулықтың мәтінен тыс компоненттерін (сұрақтар мен тапсырмалар, иллюстрациялар, қосымшалар, терминдер сөздігі т.б.) талдау. Картографиялық құралдар, оларды талдау; оқушыларды топографиялық картамен, жарты шарлар картасымен, глобуспен жұмыс істеуге үйретуге арналған жаттығулар; план және карта бойынша географиялық нысандарға сипаттама беру. Физикалық

географияның бастауыш курсына арналған басқа көрнекілік құралдар мен электронды оқыту бағдарламаларымен (ЭОБ) жұмыс істеу және оларды талдау.

Бағдарламалық сарамандық жұмыстар, олардың мазмұны, дидактикалық мақсаты, білім көздері т.б. бойынша талдау және топтастыру; сарамандық жұмыстардың барлық түрлері бойынша оқушылар үшін тапсырмалар, оларды орындау, жұмыс қорытындысы үлгісі жайында нұсқаулар дайындау.

Студенттердің бағдарламаның типтік тақырыптары бойынша сабақтың жеке бөліктері мен жоспар – конспектісін жасауы. Тақырыптық жоспарлау.

VI-тақырып. Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы. Студенттердің материктер мен мұхиттар географиясында оқу комплекстерімен жұмыс істеуі. Бағдарлама оны талдау: физикалық географияның бастауыш курсымен салыстырғанда курстың құрылымы, білім, іскерлік, дүние тану идеясының негізгі мәселелері. Оқулық, оны талдау. Сабақта оқулықтың мәтіні мен мәтінен тыс компоненттерін пайдалану әдістерін белгілеу. Әдістемелік әдебиет, оны талдау. Картографиялық құралдар, оларды талдау; оқушыларға олар үшін жаңа карталарды “таныстыруға” жаттығу. Материктер мен мұхиттар географиясы курсын арналған басқа көрнекілік құралдар мен ЭОБ, оларды талдау. Теориялық, эмпирикалық білімдерді және әр түрлі әдістерді оқыту жайында қажетті іскерлікті қалыптастыру мақсатында сабақта кестелер мен картиналарды, экрандық құралдарды және оқытудың басқа құралдарын пайдалану әдістерін анықтау. Бағдарламалық сарамандық жұмыстар, оларды талдау және топтастыру, сарамандық жұмыстардың барлық типтеріне тапсырмалар құрастыру, оларды орындау, жұмыс қорытындысы үлгісін жасау үшін нұсқаулар даярлау. Студенттердің бағдарламаның типтік тақырыптары бойынша сабақтың жеке бөліктері мен жоспар конспектісін жасау. “Материктер картасы” тақырыбы, оның оқытушылардың картографиялық бөлімі мен іскерлігін дамытудағы орны; оқушыларды әр материктің карталар жиынтығын және дүние жүзі тақырыптық карталарымен жұмыс істей білуге жаттықтыру; оқушылардың картамен өз бетінше жұмыс істеуіне арналған типтік және шығармашылық тапсырмалар даярлау. Материкке жалпы шолу: материктің табиғаты халқы және саяси картасын сипаттау жоспарының пунктері бойынша оқу материалдарын, оқыту әдістемесін, әдістерін және құралдарын іріктеп алу; оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне арналған типтік және шығармашылық тапсырмалар құру; оқушыларды материкке сипаттама берудің типтік жоспарымен жұмыс істеуге үйрету. Оқушыларды тақырыптық карталарды талдауы және байланыстыруы, пән ішіндегі және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға үйрететін, салыстыруды қолдану әдістемесі көрсетілген сабақтың жоспар – конспектісін жасау.

Материктің табиғат ерекшеліктері: табиғат кешені сипаттамасы жоспарының пункттері бойынша оқу материалын, әдістерді, әдіс және оқыту құралдарын іріктеп алу. Оқушыларды типтік жоспармен жұмыс істеуге, табиғат кешені компоненттері арасындағы өзара байланыстарды анықтауға үйрету. Табиғат компоненттері арасындағы, адамның тіршілік жағдайы мен шаруашылық іс-әрекеті арасындағы өзара байланыстарды, оқушыларға экологиялық тәрбие беруді ашатын сабақтардың фрагменттерін жасау.

“Жалпы географиялық заңдылықтар” тақырыбы: оқу материалдарын, әдістерді, әдістер мен оқыту құралдарын іріктеп алу; оқушыларға берілетін сұрақтар мен тапсырмаларды тұжырымдау; проблемалы оқытуды ұйымдастыру; сабақтың әрбір тақырыбының нәтижесі бойынша оқытушының қорытындылар мен толықтырулар тұжырымдауы.

VII-тақырып. Қазақстанның физикалық географиясы

Студенттердің «Қазақстанның физикалық географиясы» бойынша оқу кешендерімен жұмыс істеуі. Бағдарлама оны талдау; курстың құрылымы, білім, іскерлік қалыптастыру мәселелері. Оқулық, оны талдау, сабақта оқулық мәтіні мен мәтіннен тыс компоненттері пайдалану әдістерін анықтау. Әдістемелік әдебиеттер, оларды талдау.

Оқу бағдарламасындағы сарамандық жұмыстар, оларды талдау. Студенттердің бағдарламаның типтік тақырыптары бойынша сабақтың үзінділері мен жоспар-конспектісін жасауы. Қазақстан табиғатына жалпы сипаттама: Қазақстан табиғатын сипаттаудың жоспары бойынша оқу материалын, әдістерді және оқыту құралдарын таңдап алу. Пән ішіндегі, курс аралық және пән аралық байланыстарды ашу.

Жетекші ұғымдар, өлкетану және экологиялық материалдарды пайдалану әдістемесі көрсетілген сабақ үлгілерін даярлау.

Қазақстанның табиғат кешендерінің әр түрлілігі: Қазақстан табиғатын аудандастыру, олардың ерекшеліктеріне сипаттама беру жоспары бойынша оқу материалын, әдістері мен әдістерін таңдап алу. Табиғи аумақтық кешен (ТАК) табиғатының өзіндік ерекшелігі және оның себептері, табиғат қорғау мәселелері көрсетілген сабақтың жоспар-конспектілерін жасау.

VIII-тақырып. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы

Студенттердің «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» бойынша оқу кешенімен жұмыс істеуі. Бағдарлама, оны талдау: курстың құрылымы, негізгі білім, іскерлік мәселелері. Оқулық, оны талдау: оқулық мәтіні және мәтіннен тыс компоненттерін пайдалану. Картографиялық құралдар оларды талдау: экономикалық карталармен жұмыс істеу іскерліктеріне үйрету. Басқа көрнекі құралдармен статистикалық материалдар, таблицалар және экрандық құралдарды пайдалану әдістемесін жасау. Бағдарламалық сарамандық жұмыстар, оларды талдау.

Қазақстан Республикасы шаруашылығы салаларының географиясы: шаруашылық салаларының сипаттамасы бойынша оқу материалын, әдістерды, оқыту құралдарын таңдап алудағы жаттығу: оқушыларды типтік жоспар, статистикалық материалдар, сызба нұсқалар, басқа да оқу құралдарымен жұмыс істеу шеберлігіне үйрету. Қазақстан Республикасы экономикалық аудандарының географиясы: экономикалық аудандар сипаттамасы, аудандарға сипаттама беру типтік жоспары бойынша оқу материалдарын, әдістемесін және оқыту құралдарын таңдап алуға жаттығу.

IX-тақырып. Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы (оның 10-11 сыныптарға арналған жаратылыстану және қоғамдық-гуманитарлық бағыттары мысалында).

Студенттердің «Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» курсының оқу кешенімен жұмыс істеуі. Бағдарлама, оны талдау: курстың құрылымы, негізгі білім, іскерлік. Оқулықтары (оның жаратылыстану және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарындағы 10-11 сыныптарға арналған), оларды талдау: оқулықтар мен оқу құралдарының (хрестоматия, т.б.) мәтіндері және мәтіннен тыс компоненттерімен жұмыс істеу әдістері. Картографиялық құралдар, оларды талдау: Қазақстан экономикалық және әлеуметтік географиясы бойынша карта кешендері мен картосхемаларды салыстыру және пайдалану әдістері.

Бағдарламалық сарамандық жұмыстар, оларды талдау: сарамандық жұмыстардың әрбір түрлерін орындауға тапсырмалар мен нұсқаулар даярлау.

Студенттердің бағдарламаның типтік тақырыптары бойынша сабақтардың үлгілері мен жоспар-конспектiлерiн жасауы. Дүние жүзіне жалпы экономикалық-географиялық шолу: тақырыптардағы негізгі ұғымдарды ашу үшін әдістерді, оқыту құралдарын таңдап алуға жаттығу. Курстың пәнішілік және пәнаралық байланыстар негізінде және проблемалап оқыту көрсетілген сабақтардың үлгілерін жасау.

Жеке елдерді оқып үйренудегі елдерге сипаттама берудің типтік жоспары бойынша оқу материалын, әдістерды, оқыту құралдарын таңдап алу. Оқытудың лекция-семинар формаларын пайдалануды көрсететін бірнеше сабақтың үлгі жоспарларын жасау.

1-Рубеждік бақылауға арналған сұрақтар

1. Пәннің әдістемесінің ғылым ретіндегі міндеті және мазмұны
2. Оқыту әдістемесінің ғылым ретіндегі дамуы
3. Географияны оқыту әдістемесінің білім берудегі мәні
4. Географияны оқыту әдістемесінің пән аралық байланысы
5. География сабағындағы тәрбие және білім беруді дамыту
6. Географияны оқыту әдістемесінің тәрбиелік мәні
7. Географияны оқытудың практикалық бағыты
8. Географияны оқытудағы дамыту міндеттері
9. Географияны оқытудағы білім беру міндеті

10. Заманауи география сабақтары
11. Географияны оқыту барысында оқушылардың қабілеттілігін арттыру және дамыту
12. Мектеп географиясының мазмұны
13. Мұғалімнің сабаққа дайындығы
14. Географияны оқытудағы оқушының жеке қабілетін ескеру
15. Географияны оқытудағы география кабинетінің ролі

2-Рубеждік бақылауға арналған сұрақтар

1. Географияны оқытудың әдістері
2. Әдістердің жеке түрлеріне сипаттау (түсіндірме-суреттеу)
3. Репродуктивті әдіс
4. Дамыту әдісі
5. Зерттеу ізденіс әдісі
6. Дәстүрлі емес сабақтың түрлері
7. Дәстүрлі сабақ беру түрлері
8. Сабақтан тыс географиялық білім беру
9. Географияны оқытудағы жаңа технологиялар
10. Географиялық білім мен іскерлік-дағдылар
11. Географияны оқытудың негізгі құралдарымен жұмыс
12. Географияны оқыту құралдары мен география кабинетінің оқу-танымдық қызметі
13. Географиялық заңдылықтар мен ұғымдар туралы білімді қалыптастыру әдістері
14. Мектеп географиясының жеке курстарының мазмұны, мақсаты және міндеттері.
15. Географиядағы курс аралық байланыс

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы;
3. Классификатор специальностей высшего и послевузовского образования РК;
3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпығы міндетті білім стандарты, Орта жалпы білім. География, 2010 ж.;
4. И.В. Душина, Е.А. Таможня, В.П. Пятунин. Методика и технология обучения географии в школе. – Москва. АСТ. 2004 г.
5. Панченшникова Л.М. Основы методики обучения экономической географии зарубежных стран. - М. Педагогика. 1975.
6. М.В. Буланова-Топоркова, А.В. Духавнева. Педагогические технологии. – Москва, МарТ, 2006г.
7. География пәнінен бақылау тапсырмалары мен жаттығулары. Ред. басқарған – Л.М. Панчешникова. – М., 2001.
8. Душина И.В., Понурова Г.А. Методика преподавания географии. - М., Московский лицей. 1996.

9. Давыдова М.И. Самостоятельные работы учащихся по физической географии. - М, Просвещение, 1982.
10. Войлошникова Н.А. Самостоятельные работы учащихся по экономической географии зарубежных стран. – М., Просвещение, 1981.
11. Баранский Н.Н. Методика преподавания экономической географии. - М. Учпедгиз, 1960.
12. Максаковский В.П. Географическая культура. – М., Просвещение 2000 г.
13. Лехто К., Полонский В. Официальное руководство. Microsoft по FrontPage, 1998.
14. Исаченко А.Г. География в современном мире. – М., Просвещение 1998г.
15. Коринская В.А. Формирование понятий при изучении курса географии материков. – М., Педагогика 1999 г.
16. Герасимова Т.П. Основы методики обучения начальному курсу физической географии. - М. Педагогика. 1978.
17. Грюнберг Г.Ю. Картографические понятия в школьной географии. - М. Просвещение. 1979.
18. Даринский А.В. Методика преподавания географии. - М. Просвещение. 1975.
19. Новенко Д.В. География. Практические работы на местности 6-9 классы. - М, Издательский дом “Дрофа”, 1997.
20. Мамирова К.Н. Роль школьного учебника в подготовке учителя географии. Вест.КазГУ. Сер.географ. 1997, №5.
21. Петрова Н.Н. Методика преподавания географии в дифференцированной школе. - М. 2000.
22. География пәнінен электрондық оқулықтар (6-11 сыныптар). – Алматы, «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» Акционерлік қоғамы. 2014 ж.
23. Бейсенова А.С. Абилмажинова С., Каймулдинова К. География. Материктер мен мұхиттар. 7 сынып. – Алматы, Атамұра, 2011ж.
24. Бейсенова Ә.С., Карпеков К.Д. Қазақстанның физикалық географиясы. 8 сынып. – Алматы, Атамұра, 2012.
25. Ахметов Е.А., Карменова Н.Н., Карибаева Ш.Ш., Асубаев Б.К. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы. 9 сынып. – Алматы, Мектеп, 2013.
26. Бейсенова А.С., Каймулдинова К.Д., Абилмажинова С.А, Баймырзаев К.М., Достай Ж. География. Дүниежүзіне жалпы шолу. 10 сынып. – Алматы, Мектеп, 2014 ж.
27. Бейсенова А.С., Каймулдинова К.Д., Абилмажинова С.А, Достай Ж., География. Дүниежүзіне аймақтық шолу. 11 сынып. – Алматы, Мектеп, 2011.
28. Ахметов Е.А., Увалиев Т.О., Ахметов Қ.М. Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы. 10 сынып. – Алматы, Мектеп, 2014ж.
29. Увалиев Т.О., Ахметов Е.А., Ахметов Қ.М. Қазіргі дүние географиясы. 11 сынып. – Алматы, Мектеп, 2011ж.

30. Тоқпанов Е.А., Мазбаев О.Б., Увалиев Т.О., Асубаев Б.К. «Географияны оқыту әдістемесі». Учебник для вузов для спец-тей бакалавриата: «5В001600-География». – Алматы, ТОО «Эверо», 2015г. – 28 п.л. (448 стр.).

ИНТЕРНЕТ-РЕСУРС:

1. <http://moodle.nci.kz/>. – «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» Акционерлік қоғамы.
2. http://pedlib.ru/Books/2/0340/2_0340-1.shtml
3. <http://geoman.ru/geography/item/f00/s14/e0014489/index.shtml>
4. http://www.sure-an.ru/metodika_prepodavanij_geografii_kak_nauka.html
5. <http://antonioracter.narod.ru/nayka/geograf/metodika>
6. <https://festival.1september.ru/geography/>
7. http://geostudy.narod.ru/metodika_geo.html

Құрастырғандар:

Абулғазиев А.У. –аға оқытушы

Увалиев Т.О. – доцент

Бектеньярова А.Р. – п.ғ.к., доцент

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

Zhzh 1302 Жалпы жертану

5B011600-География

2 кредит

Алматы, 2016

Алғы сөз

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Мамырова К.Н. - п.ғ.к., доцент Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті

Абдиманапов Б.Ш. - г.ғ.д., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

ТҮСІНІК ХАТ

«*Жалпы жертану*» курсы оқу курсы түрлі бағыттағы география мамандарын дайындаудағы негізгі пәндердің бірі болып табылады.

Бұл пәннің *басты мақсаты* – географиялық қабықты біртұтас ғаламдық табиғат кешені ретінде қарастыра отырып, оның құрылымы мен дамуының жалпы заңдылықтарын анықтау.

Курстың басты міндеті – жалпы заңдылықтарға бағынған географиялық қабық құрамдас бөліктері (*атмосфера, гидросфера, литосфера*) және *биосферадағы* тірі заттардың өзара байланысы мен бір-біріне бағынышты әрекеттерін оқып білу.

Бұл пәнді оқып-үйрену барысында географиялық қабықтың аумақтық жіктелуі туралы алғашқы ғылыми түсініктер беріледі. Географиялық қабық біртұтас планеталық масштаб құра отырып, мозаика тәрізді жекелеген жай және күрделі құрылымды табиғат кешендерінен тұрады. Осы пәннен алған білім студенттердің географиялық қабықтағы өзара байланысты және бағынышты сипаттарды иеленген табиғи процестер мен құбылыстардың толассыз дамуы нәтижесінде қалыптасқан материалдық жүйе ролін атқаратын жалпылама табиғатқа деген көзқарасты қалыптастырады және оны одан әрі жетілдіре түседі.

Физикалық география ғылымдары географиялық қабық компоненттерін зерттейді. Олар: *геоморфология* (жер бедерін зерттеу ғылымы), *климатология* (климатты зерттейтін) және *метеорология* (ауа райы), *океанология* (дүниежүзілік мұхитты зерттейтін), *гидрология* (құрлық суын зерттейтін), *топырақтану* (топырақтың қалыптасу заңдылығын зерттейтін), *биогеография* сияқты аса маңызды ғылым салаларымен тығыз байланысты.

Географиялық қабықтың қазіргі табиғат жағдайын толық түсіну үшін оны құрайтын барлық табиғат компоненттерінің даму тарихын терең білу қажет. Ол палеогеографиялық зерттеу мәліметтеріне негізделеді.

Ұсынылып отырған бағдарлама 5B011600 – География мамандығы бойынша мамандар дайындалатын педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналып, оқу жоспарына сәйкес дайындалған.

Бағдарлама бес бөлімнен тұрады. «Жер аспан әлемінде» деп аталатын бірінші бөлімде Жер ғаламшарын ғарыш кеңістігінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Жер ғаламшарына Ғарыш кеңістігі мен ондағы басқа аспан денелерінің тигізетін ықпалы күшті. Сондықтан географиялық қабық пен

оған тән заңдылықтардың жүзеге асуын ғарыш әсерінсіз қарастыру мүмкін болмайды.

Бағдарламаның екінші, үшінші және төртінші бөлімдері Жер қабығының компоненттері – атмосфера, гидросфера және биосфераны оқып-үйренуге арналған.

«Географиялық қабық» деп аталатын аса маңызды бесінші бөлімінде бұған дейінгі қарастырылған білім негіздері қорытындыланады. Бөлім соңында адамның шаруашылық әрекетінің географиялық қабыққа түсіретін салмағының күннен-күнге артуы мен экологияның кейбір ғаламдық мәселелері қарастырылады.

Пән бойынша оқу дала практикасы қарастырылған.

«**Жалпы жертану**» пәнін оқыту нәтижесінде студент мынадай мәселелерді **жетік білуі тиіс**:

- Ғарыштағы денелердің пішіндері мен материяның түрлерін; Формы
 - Жердің пішіні мен мөлшерін;
 - Жердің өз білігінен айналуы және оның салдары;
 - Жердің Күнді айнала қозғалуы және оның салдары;
 - Атмосфера, оның құрылысы мен құрамы. Басқа қабықтармен байланысы;
 - Гидросфераның географиялық қабықтың құрамдас бөлігі екендігін, олардың өзара байланысын;
 - Географиялық қабықтың жалпы географиялық заңдылықтарын;
 - Табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланысты аша білуі тиіс.
- «**Жалпы жертану**» пәнін оқыту нәтижесінде студент мынадай

біліктілікті меңгеруі тиіс:

- Графиктер мен диаграммаларды талдай білу;
- Кейбір арнаулы карталарды сызу және құрастыра білу
- Климаттық, гидрологиялық және басқа сипаттамалар жасай білу
- Есептер шығара білу;
- Жер шары бойынша берілген географиялық номенклатура жиынтығын есте сақтай білуі тиіс.

Тақырыптық жоспар

№	Тақырып
Кіріспе	
1	Географияның Жер туралы ғылымдағы орны
1 бөлім Жер аспан әлемінде	
2	Аспан әлемі жайлы түсінік
3	Жер ғаламшары туралы түсінік
2 бөлім Атмосфера – географиялық қабықтың құрамдас бөлігі	
4	Атмосфераның құрылысы және маңызы
5	Күн радиациясы
6	Атмосферадағы су
7	Атмосфералық қысым
8	Ауа райы және климат
3 бөлім Гидросфера – географиялық қабықтың құрамдас бөлігі	
9	Гидросфера. Жер шарындағы су айналымы
10	Дүниежүзілік мұхит
11	Құрлық сулары
4 бөлім Биосфера	
12	Жер биосферасы
5 бөлім Географиялық қабық	
13	Географиялық қабықтың жалпы заңдары мен заңдылықтары
14	Географиялық қабықтағы зат пен энергия айналымы
15	Адамзаттың геоэкологиялық проблемалары

Пәннің мазмұны

1 Тақырып. Кіріспе. Географияның Жер туралы ғылымдағы орны

«Жалпы жертану» курсының жалпы физикалық географияны оқыту пәні ретіндегі орны мен маңызы, зерттеу нысандары. Пәннің мақсаты мен міндеттері. Географиялық қабық туралы түсінік. Олардың құрамдас бөліктері, тұтастығы және өзге жер қабықтарынан сапалық өзгешеліктері. Табиғат кешендері компоненттерін зерттейтін ғылым салалары.

Жер туралы ғылымдар жүйесіндегі физикалық географияның орны. Табиғи ортаны қорғау мен тиімді пайдалану мәселелерін шешудегі физикалық географияның рөлі.

География ғылымының негізгі даму кезеңдері. География ғылымдары арасындағы өзара байланыс. Физикалық-географиялық зерттеулердің қазіргі заманғы әдіс-тәсілдері. Физикалық географияның даму болашағы.

«Жалпы жертану» курсының мазмұны. География пәні мұғалімін даярлау барысындағы пәннің маңызы.

1 бөлім. Жер аспан әлемінде

2 Тақырып. Аспан әлемі жайлы түсінік

Материяның Аспан әлемінде көрініс беру пішіндері. Ғарыштық денелер және олардың бір-бірімен қарым-қатынасы. Жұлдыздық жүйелер. Галактика, Күн жүйесі. Күннің белсенділігі және оның географиялық қабыққа тигізетін әсері.

3 Тақырып. Жер ғаламшары туралы түсінік

Жердің пішіні мен мөлшері, оның географиялық маңызы. Жер қозғалыстары. Жердің өз білігінен айналуы және Күнді айнала қозғалуы, олардың әсері. Уақыт өлшемі. Кориолис күші. Тәуліктік ырғақтылық. Магнитосфера.

2 бөлім. Атмосфера – географиялық қабықтың құрамдас бөлігі

4 Тақырып. Атмосфера туралы жалпы түсінік

Атмосфераның құрамы мен құрылысы. Географиялық қабықтың басқа компоненттерімен өзара байланысы.

5 Тақырып. Күн радиациясы

Күн радиациясы – географиялық қабықтағы ең негізгі энергия көзі ретінде. Күн радиациясының географиялық ендік және күннің түсу бұрышы мен күн ұзақтығына қарай таралуы. Күн радиацияның атмосферадағы өзгерісі. Радиациялық баланс. Атмосферадағы парниктік (жылыжай) эффект. Температураның биіктікке қарай өзгеруі. Адиабаттық процесс. Температуралық инверсия. Ауа температурасының жылдық өзгерісі. Изотермалық және изоаномалия карталары. Жылу белдеулері.

6 Тақырып. Атмосферадағы су

Атмосфера құрамындағы судың мөлшері және түрлері. Ауа ылғалдылығының сипаттамасы: абсолюттік, салыстырмалы. Шық нүктесі. Булану және буланушылық. Ылғалдылықтың жер бетіндегі және ауа қабатындағы конденсациясы мен сублимациясы. Бұлттар және олардың түзілу жағдайы. Бұлттардың классификациясы.

Атмосфералық жауын-шашындар. Жауын-шашын түрлері. Жауын-шашынның жер бетінде таралу заңдылықтары.

7 Тақырып. Атмосфералық қысым

Атмосфералық қысым, қысым орталықтары. Жел. Ауа массалары. Атмосфералық фронттар. Циклондар мен антициклондар. Атмосфераның жалпы айналымы. Төсеніш беттің атмосфера циркуляциясына тигізетін әсері.

8 Тақырып. Ауа райы және климат

Ауа райы. Ауа райы элементтері. Жергілікті жер ауа райының белгілері. Ауа райын болжау қызметі. Климат. Климат қалыптастырушы процестер: жылу, ылғал айналымы, атмосфера циркуляциясы. Климаттың классификациясы. Климат өзгерістері және олардың географиялық қабықтағы маңызы.

3 бөлім. Гидросфера – географиялық қабықтың құрамдас бөлігі

9 Тақырып. Гидросфера

Гидросфераның көлемі мен құрылымы. Табиғаттағы сулардың ең маңызды қасиеттері. Жердегі су айналымдары және оның географиялық қабықтағы маңызы.

10 Тақырып. Дүниежүзілік мұхит

Дүниежүзілік мұхит – біртұтас табиғат құрылымы. Дүниежүзілік мұхит бөліктері. Дүниежүзілік мұхит суларының физикалық-химиялық қасиеттері. Дүниежүзілік мұхит суларының қозғалысы. Дүниежүзілік мұхит – тіршілік ортасы ретінде. Дүниежүзілік мұхит суының табиғат ресурстары және оны тиімді пайдалану.

11 Тақырып. Құрлық сулары

Жер асты сулары. Өзендер. Өзендердің қоректенуі мен су режимі. Көлдер. Көл қазан шұңқырларының қалыптасуы. Көл суының химиялық құрамы. Батпақтар. Батпақтардың қалыптасуы және оның эволюциясы. Мұздықтар. Жер шарындағы қазіргі мұз басу аудандары. Мұздықтардың морфологиялық типтері. Жер шарындағы тұщы су проблемалары.

4 бөлім. Биосфера

12 Тақырып. Биосфера туралы түсінік

Биосфераның шекарасы, құрамы мен құрылысы. Атмосфера, гидросфера және литосфера, біртұтас географиялық қабық дамуындағы тірі заттардың рөлі. Биосферадағы заттар мен энергияның биологиялық айналымы. Биосфера туралы В.И.Вернадский ілімі. Ноосфера туралы түсінік.

5 бөлім. Географиялық қабық

13 Тақырып. Географиялық қабықтың жалпы заңдары мен заңдылықтары

Географиялық қабық және оның құрылымы. Географиялық қабық дамуының негізгі кезеңдері. Географиялық қабық және табиғи процестер.

14 Тақырып. Географиялық қабықтағы зат пен энергия айналымы

Географиялық қабықтың бірегейлігі мен біртұтастығы. Географиялық нысандардың зона бойынша таралу заңдылығы. Табиғи процестер мен құбылыстар, олардың ырғақтылығы.

15 Тақырып. Адамзаттың геоэкологиялық проблемалары

Ландшафт туралы түсінік. Географиялық ортадағы адам мен қоғамның қарым-қатынасы. Табиғат ресурстары. Адамзаттың геоэкологиялық проблемалары.

Ұсынылатын практикалық сабақтар тізімі

1. Ғарыш кеңістігіндегі Жер. Күн жүйесі
2. Уақытты анықтауға арналған есептар
3. Атмосфера. Күн радиациясы. Ауа температурасы
4. Атмосфералық қысым және жел
5. Синоптикалық карталарға талдау жасау
6. Б.П.Алисов бойынша климаттық белдеулер мен типтеріне сипаттама беру
7. Гидросфера. Табиғаттағы су айналымы
8. Дүниежүзілік мұхит пен оның бөліктерінің морфометриялық сипаттамасы.
9. Мұхит беткі ағыстары сызбасын талдау, олардың материктер табиғатына тигізетін әсерін анықтау
10. Жағалық сызық номенклатурасы жиынтығын оқып-үйрену
11. Карта бойынша өзен ұзындығын, иректілігін, су жинау алабының ауданын, өзен торы жиілігін анықтау. Арнаның еңкіштігі мен құламасын есептеу
12. Географиялық қабықтың негізгі заңдылықтары
13. Географиялық белдеулер мен табиғат зоналары
14. Материктердің түрлі секторындағы биіктік белдеулілік құрылымын талдау
15. Құрлық бетіндегі негізгі географиялық объектілер жиынтығының номенклатурасын оқып-үйрену

Студенттердің оқытушы қатысуымен орындайтын жұмыстары

1. Жердің пішіні мен өлшемдері
2. Жергілікті, белдеулік және декреттік уақыт. Уақыт ауыстыру сызығы
3. Жер бетіндегі ауа температурасының климат қалыптастырушы факторлар әсерінен өзгеруі
4. Ауа ылғалдылығы көрсеткіштерін анықтау
5. Ауа қысымы және желдің түрлері
6. Атмосфераның жалпы циркуляциясы. Олардың себептері мен салдарлары
7. Дүниежүзілік мұхит суларының басты қасиеттері
8. Өзендер. Өзендер мен олардың алаптарының морфометриясы
9. Өзен ағысының жылдамдығы. Өзен шығынын, жылдық ағынды анықтау
10. Көлдер мен мұздықтар
11. Жер асты сулары және оны пайдалану
12. Географиялық қабықтың дамуы және ондағы басты өзгерістер
13. Жер шарындағы табиғат зоналары жүйесінің дамуы
14. Антропогендік ландшафт типтері
15. Адамзаттың ғаламдық экологиялық проблемалары

Студенттердің өзіндік жұмыстары

1. Ғарыш әлемі және ондағы жүйелер, материяның түрлері
2. Жер шарындағы құрлық мен су арақатынасының географиялық маңызы
3. Климат және оның географиялық қабыққа тигізетін әсері.
4. Атмосфера экологиялық орта ретінде

5. Техногендік процестер әсерінен болатын атмосферадағы өзгерістер
6. Жер шары климатындағы қазіргі заманғы өзгерістер.
7. Дүниежүзілік мұхит біртұтас табиғат құрылымы ретінде
8. Эль-Ниньо – Дүниежүзілік мұхиттағы ерекше құбылыс ретінде
9. Тұщы су проблемасы
10. Көлдер мен су бөгендері және олардың рекреациялық маңызы
11. Биосфера. Ондағы зат пен энергия айналымы
12. Ноосфера – ақыл-ой сферасы
13. Географиялық қабық
14. Географиялық қабықтың жіктелуі
15. Географиялық орта және қоғам

1 ағымдық бақылау сұрақтары

1. Жалпы жертану» пәнінің негізгі мақсаты мен міндеті, негізгі зерттеу нысандары
2. Ғарыш әлеміндегі материялардың түрлері
3. Ғарыш әлеміндегі денелер және олардың өзара байланысы
4. Жұлдыздық жүйелер. Галактика.
5. Күн. Күн жүйесінің қалыптасуы
6. Күн жүйесіндегі ғаламшарлар
7. Жердің пішіні және өлшемдері. Олардың географиялық маңызы
8. Жердің қозғалысы. Жердің өз білігінен айналуы және оның салдарлары
9. Атмосфера. Шекаралары, құрамы мен құрылысы
10. Күн радиациясы – географиялық қабықтағы негізгі энергия көзі
11. Жер шарындағы жауын-шашынның таралуы заңдылықтары
12. Атмосфералық қысым. Атмосфералық қысым орталықтары. Желдер
13. Ауа массалары. Атмосфералық фронттар. Циклон және антициклон. .
14. Ауа райы. Ауа райының типтері. Синоптикалық карталар
15. Климат қалыптастырушы факторлар. Климаттың жіктелуі

2 ағымдық бақылау сұрақтары

1. Дүниежүзілік мұхит. Мұхит суларының қозғалысы
2. Дүниежүзілік мұхиттың табиғат ресурстары және оны тиімді пайдалану
3. Жерасты сулары (еспе сулар, қабатаралық, артезиан сулар).
4. Өзендер. Өзеннің бөліктері. Қоректенуі және су режимі. Өзен ағыны
5. Көлдер. Көл қазаншұңқырларының қалыптасуы
6. Бөгендер, олардың гидрологиялық режимі және бөгендердің маңызы
7. Батпақтар. Батпақтардың пайда болуы және олардың даму эволюциясы
8. Мұздықтар. Жер шарындағы қазіргі мұз басу аудандары. Мұздықтардың морфологиялық типтері
9. Биосфера туралы түсінік. Шекарасы, құрамы мен құрылысы
10. В.И.Вернадскийдің биосфера туралы ілімі. Ноосфера.
11. Географиялық қабық туралы түсінік

12. Ландшафт туралы ұғым
13. Географиялық ортадағы қоғам мен адамдар арасындағы қарым-қатынас
14. Табиғат ресурстары
15. Адамзаттың геоэкологиялық проблемалары

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер

1. Савцова Т. М. Общее землеведение/ Т.М. Савцова Москва, 2003. – 416 с.
2. Селиверстов Ю. П. Землеведение/ Ю.П. Селиверстов, А.А. Бобков. – Москва, 2004. – 512 с.
3. Гледко Ю.А. Курс лекций по общему землеведению/ Ю.А. Гледко, М.В. Кухарчик. Минск., 2008. – 205 с.
4. Гледко Ю.А. Практикум по общему землеведению/ Ю.А. Гледко, Е.В. Матюшевская. Минск., 2006. – 96 с.
5. Әбілмәжінова С.Ә. Жалпы жертану. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Алматы, 2012. – 408 б.

Қосымша әдебиеттер

1. Вернадский В.И. История природных вод /В.И.Вернадский; отв. ред. С.Л. Шварцев, Ф.Т. Яншина. Москва, 2003. – 750 с.
2. Глобальные проблемы биосферы. М., 2003. – 200 с. (Чтения памяти акад. А. Л. Яншина. Вып. 1).
3. Догановский А.М. Гидросфера Земли/А.М. Догановский, В.Н. Малинин. Санкт-Петербург, 2004. – 629 с.
4. Исаченко А.Г. Теория и методология географической науки. Москва, 2004. – 400 с.
5. Киселёв В.Н. Основы экологии. Минск, 2002. – 383 с.
6. Матвеев Л.Т., Матвеев Ю.Л., Переведенцев Ю.П., Тудрий В.Д. Основы экологии атмосферы. Казань, 2002. Ч. 3. – 128 с.
7. Семенченко Б. А. Физическая метеорология. Москва, 2002. – 415 с.
8. Современные глобальные изменения природной среды. В 2-х томах. Т. 1. Москва, 2006. – 696 с.
9. Современные глобальные изменения природной среды. В 2-х томах. Т. 2. Москва, 2006. – 776 с.
10. Переведенцев Ю.П., Матвеев Ю.Л., Тудрий В.Д. Основы экологии атмосферы. Казань, 2001. Ч. 2. – 59 с.
11. Прибылов К.П., Савельев В.П., Латыпов З.М. Основы химии атмосферы. Казань, 2001. – 211 с.
12. Хромов С. П., Петросянц М.А. Метеорология и климатология. Москва, 2001. – 528 с.
13. Экологические функции литосферы /под ред. В.Т.Трофимова. Москва, 2000. – 432 с.

Анықтамалық материалдар

1. Бердышев С. Н. Популярный географический энциклопедический словарь. Москва, 2002. – 768 с.
2. Географический энциклопедический словарь /под ред. В.М.Котлякова. Москва, 2003. – 903 с.
3. Левашов Е. А. Географические названия: словарь- справочник. Санкт-Петербург, 2000. – 602 с.
4. Российский энциклопедический словарь: 2 кн /гл. ред. А.М.Прохоров. М. 2000. – 1023 с.

Атластар

1. Большой географический Атлас мира. Астрель. АСТ, 2004, – 432 с.
2. Иллюстрированный Атлас Земля. Москва, «Махаон», 2008. – 198 с.
3. Иллюстрированный Атлас мира. Москва, «Махаон», 2010. – 182 с.
4. Атлас мира. Москва, ПКО «Картография» Изд. Оникс, 2010. – 320 с.
5. Иллюстрированный Атлас Земля. Москва, «Махаон», 2009. – 198 с
6. Современный Атлас мира. Москва, Эксмо, 2009. – 128 с.
7. Планета Земля. ЗАО Издательский Дом Ридерз Дайджест, 2008. – 256 с.

Интернет көздері

1. www.ru.wikipedia.org/wiki/
2. www.ru.relief.pu.ru/
3. www.ru.ocean.ru/
4. www.ru./geography/fiz_geography/slovar/
5. <http://www.krugosvet.ru/enc/geologiya/veter/>

Автор- құрастырушылар:

Абилмажинова С.А.- доцент

Ивлева Н.В.- п.ғ.к., доцент

Искакова Р.Т.- география магистрі, аға оқытушы